# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

3 ҚАЗАН СЕНБІ | 2015 жыл №148-149 (19036-19037) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz


## Дала даналығы



### Абай – 170

СЕГІЗ АЯҚ

Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын.
Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой.

# ОРТА ТАПТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

## халықаралық басқосуда талқыланды

**Кеше облыстық әкімдіктің мәжіліс залында «Орта тапты қалыптастыру: жағдайы мен келешегі» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. Бұл шараға қазақстандық және шетелдік сарапшылар, Еуразия экономикалық комиссиясының, Өндірісшілер мен кәсіпкерлердің Халықаралық конгресінің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Ресей сауда-өндіріс палатасының өкілдері, сондай-ақ жалпыресейлік шағын және орта кәсіпкерліктің «Опора России» қоғамдық ұйымының делегациясы, бірқатар қазақстандық жоғары оқу орындарының басшылары мен ПРООН және ЭЫҰ секілді Халықаралық ұйымдар өкілдері қатысты.**

**Дөңгелек үстел отырысы басталар алдында облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова қонақтарға Қызылорда облысының экономикалық даму бағыты жайлы қысқаша ақпарат беріп өтті.**

Отырысты ашқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қонақтарға шақыруды құп алып, шараға қатысқандары үшін ризашылығын жеткізді. Облыс басшысы орта таптың табыс деңгейімен, тұтыну стандарттарымен және меншік иесі болуымен анықталатынын атап өтті. Бірақ мұнымен ғана шектелуге болмайды. Білімділік деңгейі де үлкен маңызға ие. Бизнес өкілдерінен бөлек оларға интеллигенцияны, басқарушылар мен жоғары санаттағы жұмыскерлерді қосуға болады.

Республикада жалпы ішкі өнім өндірудегі шағын және орта бизнестің үлесі орта есеппен 25 пайыз шамасында. Елбасымыз болашақта бұл көрсеткішті 50 пайызға дейін жеткізуге тапсырма беріп отыр. Ал біздің аймақта ол 11 пайыз шамасында ғана. Әрине, бұл бізді қанағаттандырмайды. Сондықтан да қандай механизмдер және құралдар көмегімен бұл салада өсу динамикасына қол жеткізуге болатыны туралы сарапшылар пікірі керек.

3-бет



## ҚАМҚОРЛЫҚ ҚҰШАҒЫНДА

**Бейсенбі күні облыс орталығындағы «Астана» мейрамханасында Халықаралық қарттар күніне орай мерекелік дастархан жайылып, қазыналы қарттарға құрмет көрсетілді.**

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 45-сессиясының Қарарымен 1 қазан – Халықаралық қарттар күні болып жарияланғаны белгілі. Міне, содан бері бұл күн елімізде ширек ғасыр бойы айтулы мереке ретінде атап өтіліп келеді.

Қазіргі таңда облысымызда 60 мыңға жуық зейнет жасындағы ардагерлер бар. Оларға мүмкіндігіне қарай барынша жағдай жасалуда. Атап айтқанда, Қызылорда қаласында 150 орындық оңалту орталығы, облыстық Қарттар үйі жанынан 100 орындық, қалалық Ардагерлер үйі жанындағы 50 орындық күндізгі стационар жұмыс жасауда. Бірнеше жыл бойы «Сыр мейірімі» жобасы жүзеге асырылуда. Үш жылдан бері «Әлеуметтік такси» қызметі көрсетілуде.

Мерекелік шараға қатысушыларды облыстық мәслихат хатшысы Ақмарал Әлназарова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов, соғыс және еңбек ардагері Ыдырыс Қалиев құттықтап, ізгі ниеттерін білдірсе, облыстық филармония өнерпаздары әуезді әндерден шашу шашып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

● САПАР

## АЙДАРЛЫДАҒЫ ЖАҢА КЛУБ

**Бейсенбіде Сырдария ауданының Айдарлы ауылында жаңа клуб ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, тұрғындар қуанышына ортақтасты.**

Ауылдық клуб құрылысы жылдың басында басталды. Жалпы сметалық құны 174 млн. теңгені құрайтын мәдениет ошағының көрермендер залы, сахна, кітапхана, ардагерлер мен түрлі үйірмелерге арналған бөлмелері заманауи талапта жабдықталған. Жаңа клубтың құрылысын жүргізіп, заман талабына сай көрікті ғимарат тұрғызған бас мердігер «Интегрестрой» ЖШС-ның басшысы Бақдәулет Ысқақовқа ауыл тұрғындары дән риза.

Салтанатты жиында сөз алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аймақ көлемінде, оның ішінде Сырдария ауданында жаңа ғимараттардың қатары жыл санап артып отырғанын айтты.

– Ауылдарда еңселі ғимараттар қатары артып келеді. Айдарлының өзінде барлық әлеуметтік нысандар жаңарып үлгерді. Енді алдағы жылдары көшелер жөнделіп, жарықтандырылады. Бұл – елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсарғандығының белгісі. Айта кету керек, биылдың өзінде өңірде құрылыс көлемі өткен жылмен салыстырғанда үш жарым есеге артты, ал, облыс орталығы – Қызылордада құрылыстың көлемі былтырғымен салыстырғанда сегіз есеге өсті. 2406 пәтерлі 43 көпқабатты үйді биыл іске қосамыз деп отырмыз. Аймақты газдандыру жұмысы да қарқынды жүргізілуде. Бұның барлығы Елбасының сарабдал саясаты мен халықтың жұдырықтай жұмыла білгендігінің арқасы, – дей келе, аймақ басшысы жаңа мәдениет ошағының ел игілігіне берілгеніне құтты болсын айтты.

Өз кезегінде ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Исмайлов ауыл тұрғындарының ризашылығын жеткізіп, алғысын білдірді.



– Бүгін – Айдарлы ауылының тұрғындары үшін қуанышты күн. Ауылымызда жаңа заманауи клуб бой көтеріп, ел игілігіне беріліп отыр. Құрметті Қырымбек Елеуұлы, сіз басшылыққа келген жылдардың көлемінде ауылымыз едәуір жаңарып, жасанып қалды. Екі-үш жылдың көлемінде бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылысы жүргізіліп, жаңа ғимараттар бүгінде ауылымызға сән беруде. Біздің ауыл тұрғындарының өтінішіне көңіл бөліп, назардан тыс қалдырмай келе жатқаныңызға ауылдастар атынан алғысымды білдіремін,– деп Жеңісбек ақсақал жылы лебізін арнады.

Мұнан соң облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ауыл тұрғыны, екінші топ мүгедегі Айдана Сейітсұлтанқызының үйіне барып, жағдайымен танысты.

Айта кету керек, бас мердігер «Интергрестрой» ЖШС облыс басшысының өтінішімен Айдананың үйін күрделі жөндеуден өткізіп берді. Туылғаннан бастап сал ауруына шалдыққан Айдана тағдырдың салғанына мойымай, бүгінде ауылындағы түкті кілем тоқуды үйрету шеберханасында жұмыс жасауда.

Қайсар қыз аймақ басшысына алдағы жоспарларын айтып, өзіне көрсетіліп жатқан көмекке алғысын жеткізді.

Өз кезегінде Айдананың анасы Гүлжаһан Бегманова «ұлық болсаң кішік бол» деген бабалар өсиетін ұстанып, кішіпейілдік танытқан, мүгедек жанға қамқорлығын төккен облыс әкіміне аналық ризашылықпен ақ тілегін арнады.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

## ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ СИТУАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

### халықаралық байқаудың жеңімпазы атанды

**Қызылорда облысы әкімдігінің ситуациялық орталық жобасы Амстердам қаласында өткен аудиовизуалдық инновациялар көрмесінде мәртебелі халықаралық InAVation Awards сыйлығының жеңімпазы атанды.**






Байқауға Ұлыбританияның Глазго қаласының ситуациялық орталығы, Ресей Федерациясының қала маңындағы тасымалдау орталығы Бахрейннің DHL орталығы және Қазақстаннан Қызылорда облысы әкімдігінің ситуациялық орталықтары қатысты. Кешенді бағалау нәтижесінде Қызылорда облысы әкімдігінің ситуациялық орталығы Гран-при жеңіп алды. Айта кету керек, бұл марапат әлем бойынша IT және AV инновациялық технологияларды жүзеге асыруда жоғары нәтижеге қол жеткізуді мойындау болып табылады.

Осы байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Қызылордада өтті. Ситуациялық орталықтың жобасын жасаған «Полимедиа» ЖШС құрылтайшысы Елена Новикова облыс әкімі Қ.Көшербаевты жеңісімен құттықтады.

Елена Новикованың айтуынша, Қызылорда облысының ситуациялық орталығы байқауға «басқару орталықтары» номинациясына қатысып, инновациялығы, технологиялардың кешенді қолданылуы және қарқынды жұмыс кестесі үшін жеңімпаз атанды.

Аймақ басшысы өз кезегінде Новиковаға нәтижелі серіктестік үшін алғыс білдірді.

– Өздеріңіз білетіндей, біз ситуациялық орталықты бірлесіп жасадық. Орталықты құру мақсаты инновациялық технологияларды қолданумен басқару тиімділігін арттыру болып табылады. Ол – республика бойынша алғашқы өңірлік ситуациялық орталық. Жобасы жоғары деңгейде ең заманауи технологиялар қолданумен жүзеге асырылды. Менің білуімше, елімізде осы секілді орталық жоқ, – деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

Облыс басшысы сонымен қатар, қызылордалық ситуациялық орталық жасау тәжірибесіне қызығушылық танытушылар көп екенін жеткізді. Бүгіндері өздерінде осындай орталықтар жасауға көмек сұраған өзге облыс әкімдіктері жетерлік.

Аймақ басшысы «Полимедиа» ЖШС және облыс әкімі аппаратының бөлім басшысы Индира Ақжігітоваға «Алғыс хат» табыстады.

**Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.**

### «Алтын күз-2015» салтанатты іс-шарасының БАҒДАРЛАМАСЫ

**3 қазан**

Сағат 12.00-13.30

**Егін жинау жұмыстарының қорытындысы мен өндіріс озаттарын марапаттау салтанаты және концерттік бағдарламасы.** *Н. Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.*

**4 қазан**

Сағат 8.00-13.00

**Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі.**

***Орналасу орындары:***

**Арал ауданы**

**С.Торайғыров көшесінің бойы.** «Коммунизм» шағын ауданы.

**Қазалы ауданы**

**Ғ.Мұратбаев пен Қ.Яссауи көшелерінің қиылысы.** «Шұғыла» шағын ауданы.

**Қармақшы ауданы**

**«Журба» көшесінің бойы.** «Ақмешіт» шағын ауданы мен Саламатов көшесінің аралығы.

**Жалағаш ауданы**

**«Титов» шағын ауданы.** Ә.Қашаубаев көшесінің бойы.

**Сырдария ауданы**

**Жанқожа батыр көшесі.** «Реалбаза» алдында.

**Шиелі ауданы.**

**Тасбөгет кенті.** Орталық алаң.

**Жаңақорған ауданы**

**Астана даңғылының бойы.** Е.Көшербаев пен А.Иманов көшелерінің аралығы.

**Қызылорда қаласы**

**Әйтеке би көшесінің бойы.**

Қазбек би мен Д.Қонаев көшелерінің аралығы.

Сағат 11.00-13.00

**Қалалық ипподром.**

Ат жарыс.

● КӘСІБИ МЕРЕКЕ

## ҰСТАЗДАР МЕРЕЙІ ТАСЫҒАН КҮН

**Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мұғалімдерді кәсіби мерекемен құттықтап, биыл ҰБТ-да өз білімдерін дәлелдеген 139 «Алтын белгі» иегерлерінің алғашқы ұстаздарына елордамыз Астана қаласына туристік жолдамалар табыстады.**

Ұстаздар күніне арналған «Ұстаз – ұлы есім» атты мерекелік шара Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында өтті. Онда сөз алған аймақ басшысы мұғалімдерге жас ұрпақты тәрбиелеудегі теңдессіз еңбектері үшін алғыс сезімін жеткізді.

– Берекелі қазан айының алғашқы аптасында аталып өтетін ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Ел үшін осындай қиын сәтте Елбасы ең әуелі мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуды ескеріп, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап ұстаздар қауымының жалақысын көтеру туралы тапсырма берді. Білім саласының дамуы, ұстаздарды қолдау, оқушылар мен түлектерге барынша жағдай жасау – біз үшін қашанда ең басты міндеттердің қатарында болып қала береді. Қызылорда облысы республика бойынша әлеуметтік салаға көп қаржы бөлетін аймақтардың көшін бастап тұр. Биылғы жылы облыс бюджетінің үштен бір бөлігі, яғни 66 млрд теңгеден аса қаржы білім беру саласына бөлінді. Соңғы үш жылдың ішінде облыста білім беру саласына бөлінетін қаржы көлемі 24 млрд теңгеге артты, – деді аймақ басшысы.



Салтанатты жиында Сыр өңірінің тумалары академик Асқар Жұмаділдаев пен ауыр атлетикадан екі дүркін олимпиада чемпионы Илья Ильин, сондай-ақ, Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларында білім алып жүрген студенттер экран арқылы ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Биылғы оқу жылында ҰБТ қорытындысы бойынша Сыр өңірі 13-орыннан алдыңғы бестікке көтерілді. Сондай-ақ, Ресей Федерациясы Үкіметі гранты есебінен Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларының маңдайалды жоғары оқу орындарында 325 қызылордалық түлек білім алуда, ал «Серпін» бағдарламасы бойынша 2,5 мың бала оқуға түсті.

Сонымен қатар, Қызылорда облысында үш ауысыммен оқитын мектептер мәселесі толығымен шешілді. Ал апаттық мектептер саны 2013 жылы 25 болса, оның 14-і қайта салынып, қалған 11 білім ошағын келесі жылы бітіру жоспарлануда. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуда да оң өзгерістер бар. Сыр бойында «Балапан» бағдарламасы сәтті жүзеге асуда. Қазір облыс көлемінде 355 балабақша жұмыс жасап тұр. Бұл нысандар мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында салынған. Бұған қоса, жыл соңына дейін тағы 61 жеке меншік балабақша пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Айта кетейік, қазіргі таңда облыс мектептерінде барлығы 18 500-ге тарта мұғалім қызмет етеді. Оның ішіндегі бірінші және жоғары санатты мұғалімдердің үлесі 44 пайыз. Осы ретте ұстаздардың біліктілігін жетілдіріп, санатын көтеруге жан-жақты қолдау жасалуда.

Салтанатты шарада қызылордалық «Алтын белгі» иегерлеріне алғаш қалам ұстатқан ұстаздарға Астана қаласына саяхаттау жолдамасы берілді. Сонымен бірге жиын барысында білім беру жүйесіне қосқан үздіксіз үлестері үшін көптеген мұғалімдерге ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыс әкімінің алғыс хаттары, дипломдары мен бағалы сыйлықтары табыс етілді.

Мерекелік шара жергілікті өнерпаздардың ән-шашуымен түйінделді.

**Дәурен ОМАРОВ,**
**Бағдат ЕСЖАНОВ** (сурет).

*«Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Сондықтан, аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді. «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара» деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен.»*

**ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауынан.**

# ЖЕТІЛГЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ЕЛ ЖЕТІСТІГІНІҢ АЙҒАҒЫ

Қызылорда облысы еліміздегі инфрақұрылымы өркендеп, дамыған аймақтардың қатарына жатады. Географиялық ыңғайлы аймаққа орналасқан облыстың барлық аудан орталықтары Сырдария өзенін жағалай қоныстанған болса, халықаралық автобан да, теміржол да облысты көктей өтеді. Аймақтың басты күретамыры саналатын жолдардың бойында облыс елді мекендерінің 83 пайызы орналасқан. Онда өңір халқының 93 пайызы тұрып жатыр. Құрылысы 2010 жылы басталған «Батыс Европа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің еліміздегі ең үлкен 812 шақырымдық бөлігі біздің облыс аумағынан өтеді. Оның 230 шақырымы І техникалық санаттағы, 587 шақырымы ІІ техникалық санаттағы жол. Құрылыс барысында 8 елді мекен арқылы өтетін айналма жолдар, екі деңгейлі 14 жол айырығы, 4 темір жол өткелі, 48 көпір салынған. Бұл шынында да ғасыр құрылысы деген атаққа лайық. Жол құрылысына әлемдік танымал италиялық «Тодини конструкциони дженерали», «Салини коструттори» компанияларымен қатар Түркиядан, Әзірбайжаннан және басқа де елдерден қатысты. Сонымен қатар отандық 24 мердігер мекеме атсалысса, соның үшеуі жергілікті мекемелер. Жол бойында 23 асфальт-бетон, 13 қиыршықтас зауыттары жұмыс істеп тұрды. Құрылысқа үш мыңдай жол-құрылыс техникалары тартылды.



Халықаралық автодәліз құрылысы бұрын тұрақты жұмысы болмаған жүздеген жергілікті тұрғындарға нәпақа тауып берді. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының мәліметтеріне сәйкес, жол құрылысына барлығы 16627 адам қатысқан. Олардың арасында нақты жол құрылысында жүрген алты мыңдай адам болса, оның төрт мыңдайы жергілікті тұрғындар. Мұнан бөлек 11 мыңдай адам жол құрылысын құрылыс материалдарымен, азық-түлікпен, киіммен және басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етуге атсалысты.

Бүгіндері жолдың облыс аумағындағы соңғы учаскесінде жаздың басында басталған жұмыстар аяқталуға жақын. Қармақшы ауданындағы Ақжарма ауылына дейінгі 49 шақырым учаскеде әзірбайжандық «EVRASCON» Евро-Азиялық құрылыс корпорациясы жұмыс жүргізуде. Жоба жетекшісі Азер Насибов жол құрылысында барлық технологиялық талаптар қатаң сақталатынын жеткізді. Техникалық қадағалау және сапа жөнінде бақылау жасап жатқан құрылысқа тапсырыс беруші «ҚазДорПроект» институтының инженерлер тобы. Осы учаскедегі 13 көпірдің он екісінде жұмыс аяқталған.

Елбасы «Нұрлы жол – болашақққа бастар жол» атты Жолдауында Астанадан тарайтын жолдар барлық өңірлермен байланысу қажеттігін атап өтті. Бірінші кезекте, «Астана - Алматы», «Астана - Өскемен», «Астана - Ақтөбе - Атырау», «Алматы - Өскемен», «Қарағанды - Жезқазған - Қызылорда», «Атырау - Астрахань» негізгі автожолдар жобасына маңыз беру керектігі айтылды. Міне осының ішіндегі Қарағанды-Жезқазған-Қызылорда күрежолы біздің аймақтың, жалпы оңтүстік өңірлердің дамуында стратегиялық маңызға ие. Бұл жол елдің орталығына дейінгі арақашықтықты жақындатып қана қоймайды, сонымен бірге Астанаға автокөлік қатынасын жолға қоюға ықпал етеді.

Қызылордадан Жезқазғанға дейінгі аралық 412 шақырымды құрайды. Қарағанды облысы шекарасына дейінгі қашықтық 204 шақырым болса, оның 59 шақырымы күрделі жөндеуге жатады. Осы қайта жаңғыртуға жататын жол бөлігіне жасалған жобалық-сметалық құжаттар мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысына ие болғанын атап өткен жөн. Жол құрылысына республикалық бюджеттен он миллиард теңге бөлінеді. «Қызылорда-Жезқазған» жолы күрделі жөндеуден өткен соң оған ІІІ техникалық санаттағы жол атағы беріледі. Айта кету керек, І және ІІ санаттағы жолдарға төрт жолақты жолдар жатады. Ал Жезқазғанға дейінгі участок екі жолақты болмақ.

Өңіріміз, сондай-ақ жалпы еліміз үшін үлкен маңызға ие тағы бір жоба бар. Ол – 11 мыңдай тұрғыны бар Сексеуіл тораптық стансасы арқылы өтетін «Жезқазған-Бейнеу» теміржолы құрылысы. Сексеуілде тепловоз жөндейтін депо және басқа да кәсіпорындар жұмыс істейді. Сондықтан да тұрғындардың көбісінің тіршілігі теміржолға қатысты болып келеді. Ал «Жезқазған-Бейнеу» магистралінің құрылысына орай стансияның және кенттің маңызы арта түспек. Жақын болашақта ол Қазақстанның өңірлерін бір-бірімен жалғастыратын ірі станцияға айналады.

Теміржол құрылысы мемлекеттік Үдемелі индустриялық-инновациялық даму және «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламаларын жүзеге асыру аясында 2012 жылдың жазында басталды. Құрылыс жұмыстарын жүргізген бас мердігерлер – «Базис» құрылыс компаниясы мен «Жол жөндеуші» ЖШС. Жол құрылысына барлығы 250 адам атсалысты. Оның 80-і жергілікті тұрғындар. 2014 жылдың 22 тамызында республикалық телекөпір барысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа магистраль бойымен пойыздар қозғалысына рұқсат берді. Теміржол желісімен қатар бүгіндері инфрақұрылым және әлеуметтік нысандар құрылысы белсенді жүргізілуде. Кенттің оңтүстік бөлігінде 64 екі пәтерлі үйдің құрылысын жүргізуге 18 гектар жер учаскесі бөлінді. Бүгінгі таңда оннан аса үй пайдалануға берілді. Онан бөлек, 280 орындық типтік жобадағы балабақша құрылысы жүруде. Ол пайдалануға берілсе, 50 жаңа жұмыс орны ашылады. Теміржолдың арғы бетінен 300 орындық орта мектеп құрылысы жүретін жер белгіленді.

Сексеуіл мен Жезқазған арасында отыздай елді мекен бой көтереді, оның 13-і ірі теміржол стансасы болмақ. Қазіргі таңда бұл жерде жүздеген жаңа жұмыс орындары ашылып жатыр, уақыт өте келе көбейе түсетіні анық. Ал жақын аралықта кентті газдандыру басталады.

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Соның алдын болжаған Елбасымыз Қазақстанда жаңа экономикалық саясатты жариялағаны туралы «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Жолдауында айтқан болатын. Оның басым бөлігі елдің инфрақұрылымын жақсартуға арналған. Бұл туралы Мемлекет басшысы:

– Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түкпірлерін орталықпен берік байланыстырады. Жүк тасымалы жеделдейді және ұлғаяды. Ел арқылы транзит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген өңірге қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарады, жаңа және заманауи мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде ол әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасында көрініс табады. Ал ең бастысы – осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады, – деген болатын.

Иә, жетілген инфрақұрылым бүгінгі күнге де, болашаққа да пайдасын тигізетін болады. Аймақтардың өзара байланысын нығайтып, елдің ішкі әлеуетін арттырады.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

**БРИФИНГ**

# СТАТИСТИКАҒА ДА СЕРПІН ӘКЕЛДІ

Ел дамуының жаңа мүмкіндіктерін атап көрсетіп, бес институционалды бағыттарды айқындап берген «100 нақты қадам» Ұлт жоспары ел өміріндегі ерекше саяси оқиға болды. Бүгінде осыған сәйкес қай салада болмасын қарқынды жұмыстар жасалып жатыр. Мәселен, 96-қадамда көрсетілгендей, орталық мемлекеттік органдар статистикалық база мәліметтеріне онлайн-режимінде қол жеткізді.

– Қазіргі таңда ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет ресурсында «е-статистика» ақпарат жүйесінің интеграциясы жұмыс жасауда. Соған сай тоғыз ақпараттық жүйеге толықтырулар енгізілді. Енді мемлекеттік органдар ұсынған түрлі дереккөздерден алынған статмәліметтерді салыстыруға, өзара толықтыруға болады. Бұл статистика сапасының жақсаруына және дәйектілігіне оң ықпалын тигізеді. «Онлайн режимінде мәліметтер жинау» ақпараттық жүйесі қазіргі таңда респонденттердің статистикалық органдарға бармай, статистикалық нысандарды цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, онлайн-режимде, электронды түрде мәліметтерін тапсыруға мүмкіндігі бар, – деді журналистермен кездесуде облыстық статистика департаментінің бастығы Мариям Баекеева.

Бұл жүйе мәліметтерді тапсыру кезіндегі шығындарды төмендетуге, әкімшілік кедергілерді жоюға, деректерді енгізу кезінде қателіктерді қысқартуға және деректерді жинауды жеделдетуге, сапасын жақсартуға мүмкіндік ашып отыр. Оның шарапатын көріп отырғандардың да қарасы қалың. Мәселен, жаңа жүйе арқылы жыл басынан бері 20 мыңнан аса статистикалық есеп қабылданған.

# СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сай заң саласына 19 жаңалық енгізілсе, соның 11-і тікелей сотқа қатысты. Мәселен, бүгінде сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру мәселесі қаралуда. Қазіргі қолданыстағы бес сатылы сот жүйесін үш сатылы жүйеге өзгерту қолға алынып жатыр. Енді кассациялық саты облыстан ҚР Жоғарғы Сотының құзырына ауысады. Бұл оңтайландыру сот төрелігінің сапасын арттыруға сеп болмақ. Ал нақты шешім 2016 жылға дейін белгілі болмақ. Бұл туралы журналистрмен кездесуде Қызылорда облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы Қайрат Адранов пен Судьялар одағы Қызылорда облысы филиалының, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Айбек Дәуренбеков айтып берді.

Ал заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында жасалған 17-қадамда «Судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту» туралы айтылған. Соған сай енді 30 жастан асқан, сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі бар азаматтар бұл лауазымға ие бола алады. Үміткерлер болса, стипендия төленетін бір жылдық тағылымдамадан, одан соң бір жыл сынақ мерзімінен өтеді. Олардың кәсіби дағдысы мен іскерлігі арнайы тест жүйесі арқылы сыналмақ.

Осылайша соттарға қойылатын талаптар қатаңдатылып, бақылау да күшейтілді. Әрбір сот залына арнайы бейне және аудио таспа жазу ісі қолға алынған. Біздің аймақ мұндай мүмкіндіктерге 100 пайыз қол жеткізген өңірлердің қатарында.

Елбасының 100 нақты қадам «Ұлт жоспарында» судьялардың тәжірибе алмасып, шетелдік әріптестерінен кеңес сұрауларына мүмкіндік ашу керектігі де айтылған. Соның негізінде Жоғарғы Сот жанынан беделді шетелдік судьялар мен заңгерлер қатысатын халықаралық кеңес құрылмақ.

**Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.**

# ЖОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛЫНДА

Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруға атсалысу – баршаның міндеті. Қазалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасында өткен жиыннан осындай ой түйдік. Дөңгелек үстел түрінде ұйымдастырылған кездесуде хабарлама жасаған аталған басқарманың басшысы Гүлсім Имандосова ағымдағы жылдың тарихи даталарға толы мерейлі жыл екендігіне, «Нұрлы жолдың» экономиканы қайта құрылымдауға бағытталғанына, бұл ресурстардың қысқамерзімдік шараларға арналмағанына, басталған жобаларды аяқтау және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордан қаржы бөлу тапсырылғанына, осы қаражатты пайдалана отырып еліміздегі тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, экономиканы сыртқы қолайсыз жағдайлардан қорғау көзделгеніне кеңінен тоқталды.

Мұнан соң сөз алған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша ауданаралық бөлімінің бас маманы Әділхан Жолекешов Президент Жолдауын іске асырудағы ауданда атқарылып жатқан шараларды айта келе, әрбір мемлекеттік қызметшінің үлесін қосарына сенім білдіріп, мемлекеттік қызмет саласында алдағы уақытта енгізілетін өзгерістерді де шолып өтті.

Ал Қазалы аудандық құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалау прокуроры Әнуар Мұратов Жолдаудың құрылымдық реформаларды одан әрі жүзеге асыруға бағытталғанына тоқталды.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**

# ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР КӨРМЕСІ

Қазіргі таңда жас өнертапқыштарға жасалып жатқан қолдау ерекше. Оларға өнертабыстарын шетелдік көрмелерде таныстыруға мүмкіндік жасалған. Біздің аймағымызда да бұл мақсатта бірқатар жұмыстар жасалып жатыр. Мәселен, былтыр облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың тапсырмасымен облысымыздағы ғылыми жобамен айналысатын жастарды қамти отырып, «Кіші EXPO» Инновациялық идеялар мен жобалар жәрмеңкесін өткізу қолға алынған болатын. Бұл бір жағынан 2017 жылы Астана қаласында өтетін әлемдік көрмеге дайындық болмақ. Сол кезде алғаш рет ұйымдастырылып, жақсы нәтиже көрсеткен бұл шара биыл да облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Жас ғалымдар альянсы» қоғамдық бірлестігі, «Болашақ» университетінің ұйымдастыруымен жалғасын тапты.

Жәрмеңкеде елуге жуық жас жаңалықтарын көпшілікке паш етті. Соның бірі – Арал индустриялды техникалық колледжінің студенті Махамбет Қамаланов. Екінші курста оқитын ол балалардың ойын алаңын салу арқылы энергия көзін алу идеясын көпшілікке таныстырды. Оның айтуынша, балаларды салауатты өмір салтын сақтауға баулып, түрлі алаңдар салып, сол арқылы маңындағы көпқабатты үйлерді энергиямен қамтамасыз етуге болады.

– Осыған дейін күн көзінен және желден энергия алуға болатындығы айтылды. Сондықтан мен жаңашыл дүние ойлап таппақ болдым. Ойымды шағын макет арқылы жеткізіп, ойын алаңдарының да қос қызметті қатар атқаратындығын дәлелдеп шықтым. Былтыр да бұл байқауда Арал ауданы Ақеспе елді мекенінен шипажай ашу мәселесін көтеріп, шағын сызбаға сыйғызған болатынмын, – дейді ол. Ал Жалағаш ауданы Аққыр ауылынан келген Шәріп Нұрболат өзінің «Биогаз» жобасын қорғады. Айтуынша, табиғи газдың бұл түрі экологиялық жағынан тиімді.

– Оған малдың тезегі пайдаланылып, арнайы қоймада өндіріледі. Ал қалған қалдығы жерді құнарландыруға таптырмас тыңайтқыш болып табылады. Әрі бұл әдіспен ауылдық жерді мал қиынан тазартуға мүмкіндік бар, – дейді Шәріп Нұрболат.

Осындай бірнеше жобаны қарап шыққан облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Меңлібаев бастаған комиссия жеті үздік жоба иегерлерін марапаттады.

**М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.**

# ЮНИСЕФ БАҒДАРЛАМАСЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Облыс әкімдігінің мәжіліс залында кәмелетке толмағандардың ісі, олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия мен БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) өкілдерінің бірлескен отырысы өтті. Отырысқа төрағалық еткен облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев күн тәртібінде кәмелетке толмаған балалардың жауаптылығын қарау мәселелері бойынша альтернативті сот әділдігі бағдарламасының пилотты жобасын енгізу қаралатынын хабарлады. Бұл туралы басқосуда ЮНИСЕФ-тің Балалар құқықтарын қорғау бағдарламасының үйлестірушісі Айсұлу Бекмұса, «Сыр ұландары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Сәуле Әбілдаева айтып өтті.

Бағдарламада жаза орындарында болған жасөспірімдерді бостандыққа дайындау, түзету мекемесінен шыққаннан кейін оларды үкіметтік емес секторға тарта отырып, оңалту және бейімдеу мәселелері қарастырылған. Бағдарлама кәмелетке толмағандарға заңгерлік көмек көрсетуге, олардың дүниетанымдарын кеңейтуге және спортқа баулуға бағытталатын болады.

Басқосуда Шығыс Қазақстан облысындағы «Феникс» қоғамдық бірлестігінің директоры Назгүл Ахметқалиева балаларды әлеуметтік оңалту бойынша жүргізіп жатқан тәжірибесімен бөлісті. Комиссия мүшелері болып табылатын құқық қорғау органдарының қызметкерлері жобаға қатысты өз ойларын ортаға салды.

Комиссия отырысында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарының сақталуы мен жалпы білім беретін мектептердің инклюзивтік сыныптарында позитивті психологиялық климатты қалыптастыру шаралары, сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің балалар арасында суицидтің алдын алу бойынша пилоттық жобасын іске асыру мәселелері де талқыланды.

**Ы.ТӘЖІҰЛЫ.**

**• РИЗАШЫЛЫҚ**

# АЗАМАТТАРҒА АЛҒЫС АЙТАМЫН

Биыл елімізде Ұлы Жеңістің 70 жылдығы аталып өтті. От пен оқтың ортасынан аман оралған майдангерлерге құрмет көрсетіліп, ел қорғау жолында опат болған қаһармандарды есте қалдырудың шаралары жасалды. Шүкір, осының бәрі елдігіміздің арқасы.

Мен де сол соғысқа қатысқан майдангермін. Соғыстан кейін түрлі салада қызмет етіп, бүгінгі бейбіт күннің берекесін тілеп отырған қарияның бірімін. Біздің әулеттен ел қорғауға немере ағам Мәлік Елеусінов те аттанып, қайта оралмады. Кескілескен ұрыстың бірінде оққа ұшқан оның Қалмақ жерінде жерленгенін кейін естідік. Ағамның басына барып, туған жердің топырағын салуды көптен бері армандап жүргенмін. Жас ұлғайғаннан кейін ол мен үшін парызға айналды. Сондықтан да биыл Жеңістің 70 жылдығына орай ағамның жерленген жеріне барыпқайтуға қам жасадым. Ниетімді білген ел азаматтары қамқорлығын аяған жоқ. Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың, қолдау жасаған басқа да азаматтардың арқасында қыркүйектің ортасында жолға шығып, аға рухы алдындағы парызымды өтеудің сәті түсті.

Осы сапарыма қамқорлық танытып, қолдау жасаған азаматтарға ағалық алғысымды білдіремін және бейбіт еліміздің берекелі тірлігі жалғаса берсін деп тілеймін.

**Әбдірауық САТЫБАЛДИЕВ,**
**Ұлы Отан соғысының ардагері.**

# АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.**

**Қызылорда қаласы:** «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде жұмыртқа – 16, нан – 35, картоп – 70, сәбіз – 65, қырыққабат – 60, пияз – 60, қант – 180, 1 сортты ұн кг - 57 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп– 55-60, пияз – 55-60, сәбіз – 75-80, қырыққабат – 75-80, қызылша - 70 теңгеден.

**Арал ауданы:** Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Қуантқан» дүкенінде күріш – 175, картоп -55-60, пияз – 60-65, сәбіз – 85-90, қырыққабат – 85-90, ал, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп - 60, пияз – 60, сәбіз – 100-110, қырыққабат – 90-100, күріш 190, қарақұмық жармасы 180-200 теңгеден саудалануда.

**Қазалы ауданы:** «Әлеуметтік сауда дүкені» сиыр еті -1000, қой еті -1000, қарақұмық жармасы – 190, қант – 190, жұмыртқа – 16, картоп – 65-70, сәбіз – 100, пияз – 65-70, қызылша – 90, қырыққабат 90 теңгеден сатылуда.

**Қармақшы ауданы:** «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп – 70, сәбіз – 100, пияз – 60, қырыққабат – 90, жұмыртқа – 16, күріш – 150, қарақұмық жармасы – 170 теңгеден сатылса, ЖК «Өмірзақов», ЖК «Қармақшы» СТК дүкендерінде І сортты бидай ұнының кг 57 теңгеден сатылып жатыр.

**Жалағаш ауданы:** «Бәйтерек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 220-260, картоп – 70, сәбіз – 100, пияз – 70, қырыққабат – 100, жұмыртқа – 16, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінен І сортты бидай ұнының кг – 56-80, нан – 50, жұмыртқа – 16-18, өсімдік майы – 230-260, пияз – 70, сәбіз – 100, картоп – 70, қырыққабат – 100, тауық етін 420 теңгеден алуға болады.

**Сырдария ауданы:** «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде ұн 1 сорт – 74-76, нан – 45 теңге, өсімдік майы – 260, картоп – 55, сәбіз – 100-110, пияз – 80, қырыққабат – 110 теңге, тауық еті – 420-440, жұмыртқа 16 теңге болса, «Бақытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 16, өсімдік майы 260, қырыққабат – 100 теңгеден сатылуда. «Коммуналдық» базарында нан –45, өсімдік майы – 250, қырыққабат – 120, тауық еті – 450 теңге.

**Шиелі ауданы:** «Ә.Шорабаев», базарында картоп – 50-70, пияз – 60, сәбіз – 90, қырыққабат – 70, өсімдік майы – 230, қант – 170, жұмыртқаның 10 данасын – 160, тауық еті – 420, ет кг -1100, тұз – 35, нан – 45 теңгеден алуыңызға болады. Сонымен қатар, І сортты бидай ұнының кг - 57-76 теңгеден сатылып жатыр.

**Жаңақорған ауданы:** «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария», және «Нұрасыл» дүкендерінде ұн 1 сорт – 66-78, нан – 40-50, өсімдік майы – 240-280, картоп – 55-60, пияз – 50-55, қырыққабат – 80-85, сәбіз – 80-90, тауық еті – 410-450, жұмыртқа 10 данасы 160 теңге болса, «Нұр» базарында ет бағасы – 1000-1100, жұмыртқа 10 данасы – 160, жуа – 55, сәбіз – 90, картоп – 60, қырыққабат 85 теңгеден сатылуда.

# АРАЛДЫҚТАР ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛЫП ЖАТЫР

Арал тұрғындары жылу маусымына дейін үйлеріне газ тартуға асығып жатыр. Қалада жеке үйлер мен әлеуметтік нысандарға көгілдір отын жеткізу жұмысы басталып кетті.

Айта кетейік, «ҚазТрансГаз» АҚ Қызылорда облысының елді мекендеріне газ тарту жұмыстарын жүргізіп жатыр. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырынан Арал қаласы, Әйтеке би, Шиелі ауылдарына, Жаңақорған мен Байқоңыр қалаларына газ тартылуда. Аталған елді мекендерде 210 мың адам тұрады.

Арал қаласында мердігерлер 230 км газ құбырын тартты, енді мұнда, Арал ауданы әкімдігінің мәліметтеріне сәйкес, газды жеке үйлер мен әлеуметтік нысандарға тарту жұмыстары басталып кеткен.

Арал қаласының тұрғындарынан күні бүгінге дейін үйге газ тарту туралы мыңнан аса өтініш түсіпті. Жүзден аса үй газ тартып үлгерді, қалғандарына сәйкес қызмет тиісті ақы жасалғаннан кейін көрсетілетін болады.

Аралдың тұрғын алабын газбен қамту жұмыстарын «СпецГазМонтаж» ЖШС мердігер компаниясы ағымдағы жылдың наурыз айынан бастаған, қазір оның нәтижесін кез келген тұрғын өз көзімен көре алады.

– Айта кетерлігі, осы жұмысқа тартылған 115 адамның басым көпшілігі жергілікті тұрғындар. Жоспарланған жұмыстардың бәрін біздің компания уақытылы және белгіленген межеге сәйкес орындауда, биылғы қыста көптеген аралдық отбасы үйін арзан табиғи газбен жылыту мүмкіндігіне ие болады, – деді «СпецГазМонтаж» ЖШС филиалының учаске басшысы Жәдігер Оразалы.

«ҚазТрансГаз» АҚ ақпаратына сәйкес, үйге газ тарту қызметі әр отбасыға қолжетімді болу үшін екінші деңгейлі банктердің бірі 250 мың теңге көлемінде несие ұсынып отыр. Жеке куәлік, жалақы туралы анықтама, зейнетақы кітапшасын ұсыну арқылы тоғыз ай мерзімге заем рәсімдеуге мүмкіндік бар.

**Дәурен ОМАРОВ.**

# ОРТА ТАПТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСҚОСУДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Сара Алпысбаева, Макроэкономикалық және қолданбалы экономикалық-математикалық зерттеу орталығының директоры:**

– Бүгінгі күні орта тап көрсеткіші қандай, елімізде ол қанша пайызға ие, сол туралы әңгіме қозғауымыз қажет. Оларды анықтау критерийі отбасы және үй шаруашылығы ретінде қаралады.

Дағдарыстар кезінде ең көп зардап шегетін орта тап өкілдері. Кәсіпорындар жабылып, штат қысқарады, жалақы көлемі төмендейді. Кіші және орта бизнесті орта таптың қалыптасқан тұрақты бөлігін құрайтындығын айтуымыз керек. Яғни, өз жұмыс берушісіне тәуелді емес, өз табысын өздері құрайтындар. Сондықтан да осы тақырыпты көтеріп отырған бүгінгі шара үлкен маңызға ие.

**Валерий Захаров, Еуразия экономикалық комиссиясының кәсіпкерлікті дамыту департаментінің бөлім бастығы:**

– Бүгінгі таңда орта тапты қалыптастыруға бізде барлық жағдай жасалған. 43 секторға, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласына да қатысты бірыңғай қызмет нарығы құрылған. Бұл жұмысшылардың біліктілігін бекітпей-ақ қосымша рұқсаттар мен кәсіпкерлік қызметке лицензиялар алуға мүмкіндік береді. Шағын бизнес өкілдері үлкен өндірістер құра алмайтыны белгілі.

**Қырымбек Көшербаев, облыс әкімі:**

– Қазақстанда қазіргі уақытта бизнеске тұрақты әрі қолайлы жағдай жасалып, жеңілдетілген салық жүйесі, кепілді, субсидияландыру мен жеңілдікпен несиелендіру секілді мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Дегенмен, бұл қолдаулар негізінен аяғына тік тұрған шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталуда. Негізін жеке кәсіпкерлер құрайтын шағын бизнес көп жағдайда мемлекеттік және салалық

1-бет

қолдаудан тыс қалып жатады. Мәселен, ЖК өз кезегінде ЖШС секілді банктерге кепілдік бере алмайды. Соған байланысты көптеген адамдар өз бизнесін құра алмайды.

Жүзеге асып жатқан мемлекеттік бағдарламалар арасынан «Бизнестің жол картасы-2020» айтуға тұрарлық. Алайда, оны жұмысын бастаған кәсіпкерлердің басым бөлігі ала алмайды. Өйткені, сапалы бизнес жобасын ұсына алмайды. Оны кәсіпкерлікке енді қадам басқан жандар емес, кәсіби маркетологтар немесе жалдаған кеңесшілер жасауы керек.

Әлемде қызмет көрсету саласы экономиканың үлкен секторына айналды. Оның үлесіне әлемдік ішкі жалпы өнімнің 62 ден 74 пайызы кіреді. Бұл тауарлар мен сауда көлемінен біраз артық. Сондай-ақ, бұл салаға еңбекпен қамтылған адамдардың 63-75 пайызы кіреді. Біздің елімізде қызмет көрсету секторы ішкі жалпы өнімнің 57 пайызын және еңбекпен қамтылған барлық тұрғындардың 55 пайызын қамтып отыр. Былайша жаман көрсеткіш емес. Әйтсе де, қызмет көрсету саласының басым бөлігі шикізит саласына тиесілі. Демек, қызмет көрсетуші кәсіпорындар жағдайы әлемдік мұнай бағасына тәуелді. Бұны осы саладағылармен бірге жаңа қиындықтарды бастан кешіп отырған мұнайсервистік компаниялары мысалынан көруге болады. Ал шын мәнінде қызмет көрсету саласының дамуы жұмыссыздық санын барынша азайтуға қабілетті. Әйтсе де, республиканың экономикалық белсенді тұрғындарының басым бөлігі өзін- өзі қамтамасыз етушілер болып табылады. Оларды кәсіпкерлік ортаны толықтырушылар ретінде қарастырған жөн. Сарапшылардың ортақ пікірі бойынша орта таптың үлесінің көбеюіне шағын және орта бизнес үлкен үлес қосуы мүмкін.

Кәсіпкерлердің «Атамекен» Ұлттық палатасының деректері бойынша елмізде 1,6 млн кәсіпкер тіркелген болса, соның 900 мыңнан астамы белсенді кәсіпкерлерге жатады. Оның ішінде 2,5 мыңы ірі, 20 мыңы орта (жылдық айналымы 100 млн теңге) кәсіпкерлер бар. Қалған 850 мыңнан астамы мемлекет қолдауына зәру шағын және микробизнес өкілдері. Ұлттық палата төрағасы Абылай Мырзахметов бүгінгі таңда Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту мәселесі өткір күйінде тұрғанда Ұлттық банктің ашық та түсінікті саясаты қажет деп санайтынын жеткізді.

> *«Орта тап қазақстандық ұлттың негізі, кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырудың қайнар көзі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл – заң үстемдігіне барынша мүдделі және мемлекеттің халық пен елдегі тұрақтылыққа есептілігінің қозғаушы күші».*
>
> **ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы 11 наурызда «Нұр Отан» партиясының XVI сьезінде сөйлеген сөзі.**





А.Мырзахметов дөңгелек үстел отырысы шағын және орта бизнесті дамыту жолдары және оның жолындағы кедергілерді жою жөніндегі ойларды билікке жеткізудің жақсы құралы болатынын атап өтті.

Отырысқа «Халықаралық сауда орталығы» ААҚ бас директорының аға кеңесшісі, Ресей Федерациясының сауда-өнеркәсіп палатасы ТМД және ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің экономикалық интеграциясы мәселелері бойынша Комитеті төрағасының орынбасары Борис Пастухов та қатысты. Аға ұрпақ өкілдері бұл кісіні КСРО Комсомол ОК бірінші хатшысы ретінде біледі.

– Мен Қызылорданы алыс түкпірдегі провинция ретінде емес, керісінше Қазақстанның тез дамып келе жатқан өлкесі ретінде өзіме ашып отырмын, – деді ол. – Байқоңырда болғанда ресейлік іскер ортаның бірлескен бизнесті дамытуға қолайлы жағдайларға назар аударуы керек деген ойға келдім. Мәселен, Ресейде топырақтың құнарлылығын арттыруға бағытталған нанотехнологиялар бар. Оны осы жерде қолдануға әбден болады.

Шағын және орта бизнесті дамыту және орта тапты қалыптастырудың халықаралық тәжірибелері туралы Өндірісшілер мен кәсіпкерлердің Халықаралық конгресінің вице-президенті Владимир Колмогоров айтып берді. Ол тұрғындардың 90 пайызы орта тапқа жататын Жапония тәжірибесіне назар аудару қажеттігін жеткізді.

– Қызылорда өзінің географиялық қолайлы орналасуымен ірі көлік-логистикалық орталық бола алады, – деді өз сөзінде «Almaty Management University» Халықаралық бизнес академиясының президенті Асылбек Қожахметов. – Өкінішке орай, аймақтардағы шағын және орта бизнестің даму деңгейі қанағаттандырмайды. Бұл бағытта батыл қадам да жасалуы тиіс.

Ұлттық экономикалық университеттің ректоры Кшиштоф Рыбиньски бұрынғы кеңес одағы елдерінде кәсіпкерлік өз деңгейінде дамымай отырғандығына назар аударды. Сондықтан жағдайды дұрыстау үшін көп күш салу керек. Кезінде Польша мемлекеті бұл бағытта қателіктер аз жіберген жоқ. Әйтсе де, дамыған елдер тәжірибесін кеңінен қолдану арқасында аз уақыт аралығында ел экономикасын көтере білді. Қазақстан бүгінде жастарды оқытуға үлкен мән беруі керек.

– Қазақстанның болашағы – мұнай емес, мектептер мен жоғары оқу орындарында оқып жатқан жастар, – деді ол сөзінің соңында.

Алқалы жиынның соңында сөз алған «Опора России» жалпыресейлік қоғамдық ұйымының президиум мүшесі Ирина Алехина орта тап мемлекеттің болашағы деп есептесек, оның дамуы туралы бүгін іске көшу керек деген ойын жеткізді. Ең бірінші, кәсіпкерлік кадрларын дайындауды қазақстандық мектептер мен жоғары оқу орындарында жолға қойған дұрыс. Бұл міндетті қазіргі күні ресейлік университеттер жақсы жолға қоюда.

Отырысты қорытындылаған Қырымбек Елеуұлы өте мағыналы кездесу болғанын атап өтіп, барлық қонақтарға алғысын білдірді. Осында айтылған барлық құнды ойлар журнал бетінен орын алатын болады. Сонымен бірге Қызылордада болған осы дөңгелек үстел отырысын алдағы жылдары да дәстүрлі кездесуге айналдыру туралы ойын жеткізді.

**Ы.ТӘЖІҰЛЫ.**

## ПІКІРЛЕР

### КӘСІПКЕРЛІККЕ МЕКТЕПТЕН БАУЛУ КЕРЕК

Орта тапты қалыптастыру мәселесі – әлемді толғандырған мәселе. Қазіргі уақытта шағын және орта бизнестің дамыту процесі Еуропаның көптеген елдерінде, АҚШ және Жапонияда әлі жүріп жатыр. Кейбір зерттеулер бойынша шағын кәсіпорындар ірі компанияларға қарағанда табыстырақ. Сондықтан орта таптың қоғамдағы алатын орны ерекше. Алдыңғы қатарлы дамыған елдерде олар халықтың 60-80 пайызын құрайды. Бұл тапты қоғамдағы әлеуметтік тәртіп пен тұрақтылықтың тірегі десек те болады. Өйткені орта тап қоғамның негізгі интеллектуалдық күші мен жоғары мамандық иелерінен тұрады.

Орта тапқа қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтардың мамандықтардың өкілдері жатады. Олар – ғалымдар, жазушылар, суретшілер, діни қызметкерлер, оқытушылар, дәрігерлер, заңгерлер, орта және шағын кәсіп иелері, маманданған жұмысшылар. Орта тап адамдарының тұрақты да, сенімді қызмет орындары, жоғары табыстары және заман талабына сай өмір салттары бар. Олар көп еңбек етеді, кейбіреулерінің меншіктері – жері, құнды қағаздары, қозғалмайтын мүліктері бар. Яғни олар экономикалық және саяси тұрғыдан қарағанда тәуелсіз адамдар. Бұл таптың адамдары «жақсы өмірге қажырлы еңбектің, күш-жігердің, білімнің нәтижесінде жетуге болады» дегенді басшылыққа алады.

Орта тап қалыптассын десек, біз негізінен кәсіп көзін іздегендерге және тапқандарға көмектесуіміз керек. Бүгінгі нарық талабы соны талап етеді. Мен халықаралық конгрестің өкілі ретінде шетелдік тәжірибе жөнінде айтқым келеді. Атап айтсақ, Жапония мен Оңтүстік Кореядан үйренеріміз көп. Балаларды мектеп жасынан бастап кәсіпкерлікке баулу және ұйымдастырушылық қабілеттерін шыңдау қажет. Отбасында, оқу орнында кәсіпкерлікпен айналысудың маңызы зор екенін насихаттау керек. Мысалы, балаға бір іс жасауды тапсырсаң да, ол



заманның экономикалық талабымен сәйкес келуі тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық мүддесі, талаптары да қоғамның қызығушылығына сай болғаны жөн. Ал Жапонияда екі тараптың өзара үйлесімі табылған. Бұл ел таптық төңкерісті емес, таптық келісімді таңдады.

Маман ретінде Ресейде әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға, орта тапты қалыптастыруға арналған шараларға белсенді араластым. Ең алдымен, заңнама болуы керек. Екіншіден, шағын және орта бизнесті дамытуға арналған мемлекеттік қолдаудың маңызы зор. Үшіншіден, ШОБ-тың өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды дамыту керек. Ал Қызылорда облысы, байқауымша, инфрақұрылым алаңына айналған екен. Бұдан бөлек, туризм және ауыл шаруашылығы, оның ішінде күріш кластері төңірегінде де әлі де көптеген бастамалар көтеруге болады. Шикізат қорына бай. Даласы кең. Көліктік логистика даму үстінде. Елді мекендер мен қалалар бір өзеннің бойында орналасқан. Ал жергілікті билік бизнесті қолдайды, елдің бастамаларын демейді. Облыс басшылығы бұл тұрғыда өте белсенді. Мені осы таңғалдырып отыр. Тек барлық тетіктер іске қосылып, бір қалыпқа түсуінде азмаз кедергілер бары анық. Соны еңсерсе, облыстың болашағы жарқын.

**Владимир КОЛМОГОРОВ,**
**Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің Халықаралық конгресінің вице-президенті.**

### ПОЛЬША ТӘЖІРИБЕСІ

Польшаның тәжірибесі өте қызғылықты. Польша елінің ЖӨӨ-нің жартысын кіші кәсіпорындар, сонымен бірге шағын және орта бизнес өндіреді. Оның үстіне, осы 50 пайыздың жартысына жуығы аталған шағын бизнес кәсіпорындарының үлесіне тиесілі. Қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін орта тапты қалай қалыптастырамыз? Кіші бизнес, ортаға, ал орта ірі бизнеске айналуы үшін не істеу керек? Польшаның тәжірибесі осы жағынан Қызылорда облысына көмектесе алады. Өзім де аталмыш мәселе бойынша Польшада түрлі жобаларға қатыстым. Енді сол тәжірибеммен бөлісуге келіп отырмын.

Әр елде орта тап өзіне тән ерекшеліктерімен қалыптасады. Мәселен, Ресейде орта таптың негізгі бөлігіне ірі металлургиялық, мұнай және консалтингтік компаниялардың менеджерлері, сондай-ақ интеллигенция өкілдері – мұғалімдер, дәрігерлер, т.б. жатады. Ал Шығыс Европада, оның ішінде Польшада олардың үлесі аз. Поляк билігі қаржы институттарынан қолдау таппай жүрген, бірақ бизнеске бейімі бар азаматтарға қол ұшын созды. Өйткені, олардың несие алуға мүмкіндігі жоқ. Қара басын зорға асырап жүрген адамда қандай дүние болуы мүмкін?! Сондықтан банктер оларға көмек бермек түгілі, қашады да. Енді елде «бизнес-бум» жасау керек. Қалай? Көптеген дамушы мемлекеттерде несиені алуда кедергілер көп. Шағын кәсіпорындарға бағытталған несиені тек ірі компаниялар ғана алады. Сол себепті, ең бірінші шағын бизнес туралы арнайы заң қабылданды. Шаралар жүзеге асты. Нәтижесінде Польша тәжірибесі кедергілерді алып тастау және кәсіпкерліктің гүлденуіне ықпал етті. Сөйтіп, қабілетті, кәсіпке бейім қарапайым тұрғындарды кәсіпкерлік саласында сауаттандыру, несиелендіру шарасы жүрді. Елде қаншама жыл бойы кәсіпкерлікке жол берілмейтін орталықтандырылған жүйе қызметі бұзылып, дағдарыстарға қарамастан пайда табатын миллиондаған жаңадан кіші және шағын фирмалар, фермалар ашылды. Кішілер шағын бизнеске, шағындар орта бизнеске көтерілді. Мысалы, шағын бизнесте тоғыз адамға дейін ғана жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындар нарық жағдайына тез бейімделеді. Сонымен қатар, Польшада қосымша қызметтер заң, сақтандыру, бухгалтерлік және консултациялық фирмалар нарық қажеттіліктеріне сәйкес қызмет етуде.

Қазір Польша табысты мемлекетке айналды. Кәсіпкерлік, іскерлік орта қалыптасты. Поляк кәсіпкерлерінің Германияда, АҚШ-та, Францияда компаниялары бар, сәтті жұмыс жүргізуде. Қызылорда облысында қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға



мүмкіндіктер бар. Тек әлсіз жерлерін көркейтіп, тежеп тұрған тұстарды іске қосу қажет. Қазір шағын бизнес экономиканың қозғаушы күші екені мойындалуда. Шағын бизнес қазіргі қоғам назарының ортасында. Сондықтан, Қызылорда облысының халқының өмірін қорғайды.

Жалпы, Т.Рысқұлов атындағы университетке ректор болып келгелі, көп жайтқа қанықтым. Қазақстанда маған ұнайтыны,стратегиялық бағытты дұрыс қоя біледі. Өзге елдердің көбісінде бұл жағы осалдау. Алайда стратегиялық бағыт бойынша бағдарламаларды ендіру, жолға қою қиынның қиыны. Сондықтан, үкімет, облыс әкімдіктері, кәсіпорындар барлығы мақсатқа жету жолында күш біріктірсе, алынбайтын қамал жоқ.

**Кшиштоф РЫБИНЬСКИ,**
**Польша ұлттық банкінің вице-президенті, Т.Рысқұлова атындағы ҰЭУ ректоры.**

### ЖАҢА БИЗНЕСТІ БАСТАУШЫЛАР КӨБЕЙДІ



Қызылорда қаласында өткен «Орта тапты қалыптастыру: жағдайы мен келешегі» атты дөңгелек үстелде өз бетімен еңбектенетіндердің кәсіпкерлік бастамаларын ынталандыру тақырыбында баяндама жасадым.

Еліміздің азаматтарын жұмыспен қамтуда біршама жетістіктер бар. Жыл сайын жұмыссыздар қатары азайып келеді. Экономикалық белсенді халықтың жұмыспен қамтылуы қатаң қадағалануда. Біз еңбек нарығындағы ахуалға талдау жүргіземіз. Әр аудан, қала, облыс бойынша жұмыспен қамту картасы құрылды. Біз бүгінде еңбек нарығындағы жағдайды толық білеміз. Қандай жоба, қандай мамандық, қандай топ керек, бәрін анықтадық. Қазіргі таңда мемлекеттік бағдарламалар, соның ішінде «Жұмыспен қамту картасы-2020» бағдарламасы жүзеге асуда. Бұл – жұмыссыз жүрген, өз бетімен еңбек ететін азаматтардың жұмысқа орналасуы үшін үлкен мүмкіндік.

Әдетте, өз бетінше жұмыс істеп жүргендер ауылдық жерлерде тұрады. Ал «Жұмыспен қамту картасы-2020» бағдарламасы негізінен ауыл тұрғындарына бағытталған, жұмысқа тұруға, тіпті өз ісін ашуға жағдай жасайды. Мыңдаған адам шағын несие алып, кәсіпкерлік негіздерінен сауат ашып, жаңа бизнес бастауда. Сондықтан, қабылданған шаралар оң нәтижесін беруде. Алдағы уақытта осы жұмыстарды жетілдіру, жеделдету қажет.

**Дәулет АРҒАНДЫҚОВ,**
**ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» АҚ президенті.**

### ШЕТЕЛДІК МАМАНДАРДЫҢ НАЗАРЫН АУДАРДЫ



Қоғамның даму теориясы мен тарихы орта таптың маңызды роль атқаратынын көрсетті. Біріншіден, елде саяси тұрақтылық нығаяды. Екіншіден, экономикалық өрлеуге жол ашылады. Жұмыс орындарын сақтап қана қоймай, жаңа табыс көздері табылады. Салық төлеуге қабілетті және салықтың негізгі бөлігі орта тап өкілдерінен түседі. Мемлекеттің экономикалық жағдайы – мемлекет қазынасының өсуі, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың, үдерістердің жүзеге асуы инвестициялық белсенді тұрғындарға тікелей байланысты. Үшіншіден, әлеуметтік қарым-қатынас реттеледі. Қоғамдағы қарама-қайшылықтар жойылып, ортақ мүддеге жұмылдыратын, жан-жақты дамуға жетелейтін көзқарастар мен қағидалар үстем болады.

Орта тап – экономикалық дербестікке ие болған әлеуметтік субъект, яғни елдің ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі салық «доноры» болып табылады.

Мен Қазақстанның даму қарқынын, әсіресе, орта тапты қалыптастыруға қатысты қадамдарын мұқият бақылап жүрген мамандардың бірімін. Бұл жағынан сіздерде алға жылжу бар. Атап айтсақ, мемлекет шағын және орта бизнесті дамыту үшін бағдарламалар жасап, іске асыруда. Бұл өте маңызды. Кәсіпкерлік саласы жақсы дамыса, мемлекеттің экономикалық негізі нық қаланды дей беріңіз.

Біз Қызылордаға тәжірибе алмасу үшін келдік. Осы сапарымыздан байқағанымыз, сіздердің облыс – ерекше екпінмен дамып жатқан аймақ. Экономикалық және әлеуметтік ілгерілеу үшін үлкен міндеттер қойып отыр және оның жемісін көріп те жатыр.

Маған сіздерде мемлекеттік-жеке меншік серіктестік бойынша жұмыс жолға қойылғаны ұнады. Бұл тиімді әрі пайдалы тәжірибе көптеген шетелдік мамандардың назарын аударуда.

**Борис ПАСТУХОВ,**
**«Халықаралық сауда орталығы» ААҚ бас директорының аға кеңесшісі, Ресей Федерациясының сауда-өнеркәсіп палатасы ТМД және ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің экономикалық интеграциясы мәселелері бойынша Комитеті төрағасының орынбасары.**

### АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ІРГЕТАСЫ



Қазақстандағы, соның ішінде Қызылорда облысындағы орта тапты қалыптастыру мәселесін талқыға салатын басқосудың шенеуніктерге емес, сарапшылар тобына арналғаны көңіл қуантады. Мұны облыстың қазіргі заманғы экономикалық дағдарысқа, жаһандық шақыруларға қарсы жауабын жүйелі іздеуге кірiскенінің белгісі деуге болады. Негізгі мақсат біздің қоғамда күнкөріс жағынан ешкімге жалтақтамай, етек-жеңін жинаған орта тап өкілдерінің саны қанша екенін есептеу емес. Бізді орта тапты одан әрі қалай дамытамыз және қалай нығайтамыз деген сұрақтар мазалауы керек. Осы тұрғыда, облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қабылдаған шешімдері мен жасаған қадамдары құптарлық.

Шындығына келсек, Қызылорда облысы индустриялық даму деңгейі жоғары өнеркәсіптік дамыған өңірге жатпайды. Сондықтан, осындай аймақтарда кәсіпкерлік ойлауды дамыту мәселесі өзекті болуы тиіс. Яғни, жоқтан бар жасау немесе қолда бар дүниені қажетке жарату. «Мемлекет берсе, дамимыз, бермесе, қол қусырып отырамыз» деген көзқарас адамды алға бастырмайды. Ал кәсіпкерлер басқаша ойлайды. «Бізге ештеңе керек емес, бәрін өзіміз жасап аламыз» дейді. Мәселен, Израиль мемлекеті. Елу жыл бұрын шөл далада мекен еткен Израиль қазір экономикасы озық дамыған мемлекеттердің қатарында. Қазақстан, оның ішінде Қызылорда өңірі аталмыш елмен салыстырмалы түрде қарасақ, серпіліс жасауына мүмкіндігі мол. Оның алғышарттары өңірде қалыптасқан. Кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы кез келген аймақтың әл-ауқатын арттыруға болады. Сонымен қатар, интеллектуалды, білімді, білікті тұрғындар да облыстың белестерді бағындыруына септігін тигізеді. Осы үйлесімділік берік бекісе, өңірдің экономикасында, қоғамда тұрақтылық пен келісім сақталады.

Сарапшы ретінде байқағаным, Сыр өңірінде орта тапты қалыптастырудың негізгі шаралары жасалуда. Мысалы, біріншіден, өңірдің білім саласы ерекше өрлеу үстінде. Оған соңғы жетістіктері дәлел. Экономиканы сауатты, білікті мамандар жасайтынын ескерсек, облыстың білімге салған инвестициясының қайтарымы болашақта еселей түседі. Осы ретте, өз тарапымнан ұсынарым, Қызылорда облысындағы оқу орындары бизнес-инкубаторлар құруға тұрақты түрде қол ұшын созса, студенттер оқу тәмамдағанда, көбісі кәсіпкер болып шыға келеді. Екіншіден, шағын бизнесті дамыту керек. Іске епті, еңбекқор сырбойылықтар бизнесті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланғаны жөн. Сонымен қатар, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев орта тапты қалыптастыруға бірден-бір сеп болатын микробизнес тақырыбын жиі көтеріп жүр. Егер бұл жан-жақты қолдау табылса, үйін немесе қандай да бір мүлкін кепілдікке қоя алмайтын қарапайым халық еңсесін тіктеуге мүмкіндік алады.

Бір жағынан, орта тап азаматтық қоғамның іргетасы болып табылады. Ел кедейшілікте болса, азаматтық қоғамның ауылы алыстайтынын ескерейік.

**Асылбек ҚОЖАХМЕТОВ,**
**«Almaty Management University» Халықаралық бизнес академиясының президент-ректоры.**

# ОҚУШЫЛАР ДЕМАЛЫСЫ ОҢТАЙЛЫ ШЕШІЛУІ ТИІС





**Облыстық мекемелер үйінің мәжіліс залында облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлының қатысуымен облыстық мәслихаттың «Әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының» кеңейтілген қорытынды отырысы өтті. Жиында «Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастырудың 2015 жылдың қорытындысы және алдағы жазғы маусымға дайындығы туралы» тақырыбы сөз болды.**

Облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес «Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастырудың жайы» туралы арнайы мәселе күн тәртібіне қойылып, наурыз айының ішінде қаралған болатын. Аталған мәселе бойынша құрамында облыстық, қалалық, аудандық мәслихат депутаттары, тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің мамандары, облыстық білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт басқармаларының қызметкерлері, облыстық кәсіпкерлер палатасы мен облыстық кәсіподақ ұйымының салалар бойынша өкілдері және аудан, ауыл әкімдері мен жергілікті кәсіпкерлердің қатысуымен барлық аудандарда арнайы комиссия отырысы өткізілді. Басқосуда аудандарда орналасқан жазғы тынығу лагерьлерінің жай-күйін зерделеу, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға жергілікті кәсіпкерлерді тарту мәселесі талқыланып, ұсыныстар айтылып нақты шаралар белгіленді. Облыс аумағындағы барлық ірі кәсіпорындарға өз қызметкерлерінің балаларын мекеменің және кәсіподақ ұйымдарының демеушілігі есебінен облыстан тыс аймақтарда орналасқан лагерьлерде сауықтырудың мүмкіндіктерін қарастыру, 2015 жылғы қала және аудан мектептеріндегі балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы мен сауықтыруын ұйымдастырудың іс-шаралар жоспарына сәйкес қажетті жағдайларды жасау, оқушылардың демалыс мезгілін тиімді ұйымдастыру және шығармашылық еңбегін, қабілеттілігін арттыру жөнінде қаулы қабылданып, аталған жұмыстарды сапалы ұйымдастыру ұсынылды.

Оқушыларды жазғы лагерьмен қамтамасыз ету бағытында өңірімізде біршама жұмыстар жасалды. Арал ауданында жаңадан ашылған «Қамбаш» балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығы пайдалануға беріліп, оған аудандық бюджеттен 15477 мың теңге қаралса, оның толыққанды қажеттіліктерін өтеу үшін 2015 жылға депутаттардың ұсынысы негізінде облыстық бюджеттен 123 млн 412 мың теңге қаржы бөлініп, жыл бойына жұмыс жасайтын болды. Қалаулылар талқысына түскен тағы бір мәселе – Қармақшы ауданындағы мектеп оқушыларының жазғы демалысы еді. Он жылға жуық жазғы тынығу лагерінсіз қалған балалар жайына алаңдаушылық білдірген депутаттардың бастамасымен жаңа лагерьдің жобасы мен сметалық құжаттамаларын әзірлеуге облыстық бюджеттен 16,3 млн теңге қаралды. Облыс аумағында қызмет жасайтын ірі мұнай компаниялары мен кәсіпорындарға балалардың жазғы маусымды тиімді пайдалануына атсалысып, ұйымдастыру шараларына қатысуы жөнінде хаттар жолданды.

Қорытындысында балалардың жазғы демалысы қала сыртындағы және облыстан тыс аймақтарда орналасқан лагерлерде, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлері мен табиғаттағы шатырлы лагерьде, еңбек тынығу лагерьлерінде демалу, оқушылар үйіндегі дебаттық клубтар мен аула клубтарындағы үйірмелер және спорттық секцияларға қатысу, көркейту-көгалдандыру, құрылыс-жөндеу бригадаларына тарту, тарихи орындарға саяхат шаралары ұйымдастырылып, нәтижесінде 1-10 сынып аралығындағы 121 045 баланың 119 626-сы жазғы тынығудың әр түрімен қамтылды. Сондай-ақ, жергілікті кәсіпкерлер мен демеушілер есебінен балалардың жазғы демалыспен қамтылуы 98,8 пайызды құрағандығын өз хабарламасында облыс әкімінің орынбасары Р.Кежеханұлы жеткізді. Сонымен қатар, көтерілген мәселенің жан-жақты зерделенуіне жұмыс жасаған облыстық мәслихаттың барлық депутаттарына, облыстық мәслихат хатшысы Ақмарал Әлназарова мен жұмысшы тобының төрайымы Райкүл Байназароваға өз алғысын жеткізді.

«Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастырудағы проблемалар мен оларды жақсарту шаралары» туралы облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Р.Нұртаев хабарлама жасаса, «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастырудың тиімді жолдары» жайында Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Е.Әжікенов өз ойын ортаға салды.

Аталған мәселені зерделеп, сараптаған облыстық мәслихат депутаты, комиссия мүшесі Өмірбек Жүсіпов «Ірі кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілігі туралы» өз хабарламасында өңіріміздегі ірі мұнай компаниялары тарапынан жұмысшыларымен ұжымдық шарт жасау кезінде қарастырылған бірқатар әлеуметтік жауапкершіліктерді орындауға белсенділік танытпайтындығы, олардың дағдарысты желеу етіп, өз жұмысшы-қызметкерлерінің балаларын жазғы тынығу лагерімен қамтамасыз етпегендігін атап өтті. Осы мәселеге салғырттық танытқан компаниялардың қатарында «Қуатамлонмұнай» БК ЖШС, «Айдан Мұнай» АҚ, «Құмкөл Көлік Қызметі» ЖШС, «Энергия» құрылыс компаниясы ЖШС секілді ірі мұнай компаниялары бар.

Одан соң сөз алған «ҚОР» АҚ бас директоры Марат Сайлаубекұлы бұл мәселе компанияның жылда атқарып жүрген жұмыстарының бірі екендігін, дағдарысты желеу етпей биыл да осы жұмыстарға белсене араласқандығын, балаларды жазғы демалыспен қамту әрі қарай жалғасын табатындығын жеткізді.

Облыстық мемлекеттік мекемелер кәсіподағының төрағасы Арлан Елеумесов 260 мыңнан аса халқы бар жерде бір ғана лагерьдің аздық ететінін сөз етсе, «Сәрке батыр» ЖШС төрағасы Нұржан Демеуов жылда ұйымдастыру шараларына қатысып келе жатқандығын, өз шаруашылығындағы ардагерлер мен қызметкерлерінің де демалуына жағдай жасайтындығын айта келе, балаларға Артекке жолдама алып берудің жолын тапса, демеушілік жасайтындығын, аудандағы шаруашылықтар бұл мәселеден қалыс қалмайтындығын жеткізді.

Облыстық мәслихат депутаты Сейтқали Алшынбаев елді мекендерде ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер ауыл балаларының жазғы тынығу лагерьлеріне жолдама алуына, оларға қамқорлық жасауға атсалысуы керек екенін жеткізіп, ауыл шаруашылығы басқармасы, аудандарға жетекшілік жасайтын кураторлар осы мәселеге қозғау салса деген ұсынысын білдірді. Сонымен қатар, жазғы тынығу лагері жоқ Қармақшы ауданындағы балалар демалысының жайы әлі де күн тәртібінде тұрғанын жеткізді. Міндетті оқу қоры есебінен бұл аудан оқушыларды жазғы демалыспен қамтыған. бірақ тиісті қаражат бюджеттен қаралмаған. Облыстық мәслихат хатшысы А.Әлназарова қалада бір лагерьдің жеткіліксіз екенін ескертіп, барлық аудан мен қала әкімдіктері тек қана материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы сұрамай, сыртқы лагерьлерге сондай-ақ, лагері жоқ Қармақшы ауданы басшылығы Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы лагерьлерге балаларды жолдауға қаржыларын салуды жоспарлау керектігін айтты. Медициналық қызмет көрсетуге байланысты стоматологиялық көмекті қажет ететін балалардың 21 пайызы ғана қамтылып отыр. Бұл тек жазғы лагерлерде демалған балалар саны. Олардың 70-80 пайызы тісжегімен ауыратындығы анықталған. 2013-2014 жылдары облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, стоматологиялық кабинетті жабдықтауға 46 аппарат алынып жабдықталған. Сондықтан облыстық, мәслихат хатшысы А.Әлназарова облыстық денсаулық сақтау басқармасы тиісті жұмыстарды атқаруда белсенділік танытса деген ұсынысын білдірді.

Аталған мәселеге байланысты атқарылуға тиіс жұмыстардың демеушілер көмегінсіз аяқталуы қиын. Осы орайда екі ауданның ұйымдастыру жұмыстарын ерекше айтуға болады. Жаңақорған және Қазалы аудандары 900-ден астам баланың тек қана демеушілер арқылы жазғы тынығу лагерьлерінде демалуына жағдай жасаған. Ұйымдастыру жұмыстарына себепші болған екі ауданның білім бөлімінің басшыларына алғыс айтылды. Сондай-ақ, міндетті оқу қорының есебінен Сырдария мен Шиелі аудандары қомақты қаржы қосты. Оның ішінде 3000 балаға бюджеттен қаржы бөлген Сырдария ауданының ұйымдастыру жұмысы ерекше атап өтілді. Жиында алдағы уақытта көшпелі комиссия отырысын әрбір аудандарда өткізуді жолға қоюды қарастырды. Осы ұсыныс орындалған жағдайда аудандардағы атқарылып жатқан жұмыстармен кеңінен танысуға мүмкіндік туады.

Өтпелі кезеңдегі қиыншылықты желеу етпей, биылғы маусымда оқушылардың жазғы демалыстарын қызықты өткізуге қолдау көрсеткен және ұйымдастыру шараларына белсенділік жасаған бизнес өкілдері, кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Тұрақты комиссия отырысы күн тәртібіндегі мәселені қорытындылай келе, тиісті қаулылар қабылдады.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

## ТЕГІН КӨМЕКТІҢ ЖАЙЫ ТАРАЗЫЛАНДЫ



Жуырда Жалағаш аудандық мәслихатының әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде тұрғындарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің жайы туралы мәселе қаралды. Аудан әкімінің орынбасары Ж.Тәжмаханов қатысқан отырыста аудандық мәслихат хатшысы К.Сүлейменов тегін медициналық көмектің жайын талдап-таразылап, өзекті мәселелерді облыстық мәслихаттың карауына ұсыну жөнінде өз пікірін білдірді. Комиссия төрайымы Р.Әлиева күн тәртібінде қаралып отырылған мәселенің өте ауқымды екенін айтып, бұған қатысты аудандық мәслихат депутаттарының, денсаулық сақтау саласы мамандарының ұсыныстары назарға алынып, облыстық комиссия қарауына ұсынылатынын, заңдылықтарға сәйкес шешімдер қабылданатынын атап өтті. Жоғарыда атлған мәселе бойынша амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Гүлжихан Нысанова хабарлама жасады.

Жиын барысында депутаттар Б.Сыздықов, М.Еспанов, М.Құлболдиев, Д.Баймахановтар сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

**Е.ӘБДІР.**



## МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

# САЛАҒА КЕЛГЕН ЖАҢА ЛЕП



Еліміз тәуелсіздік алғалы бергі кезеңде дана халқымыздың «Біліксіз қалар жырақта, білімді жетер мұратқа» деген өсиет сөзінің өзектілігі күннен-күнге өсе түскенінің куәсі болып келеміз. Елбасымыздың білім саласын ерекше назарда ұстап, өзінің тікелей қамқорлығына алуы, оны мемлекеттік даму саясатының өзегі деп қарауы да осының айғағы. Оған дәлел Президенттің «100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарында адам капиталының сапасын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдері стандарттарына жеткізу, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту секілді нақты тапсырмалар берілгені еді. Бұл тапсырмалардың елімізде табысты орындалатынына сенім мол. Өйткені ел дамуының XXI ғасырдағы стратегиялық өсу нүктесіне айналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында көптеген шаралар ұстаздардың ерен еңбегінің нәтижесінде жүзеге асырылуда.

Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие, орта білім беру жүйесін жетілдіру мен оның мазмұнын жаңарту, ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мән-мәтінінде жүзеге асырылады. Бүгінгі күні білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың 2015-2020 жылдарға арналған аудандық іс-шаралар жоспары жасалып, жүзеге асырылуда.

Егеменді еліміздің өскелең ұрпағы үшін мемлекет барлық жағдай жасауда. Оған дәлел, ауданымызда өткен оқу жылында №200 Құмбазар, №65 Бекбауыл, №20 Бөген мектебінің ғимараты жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Биыл тағы апатты деп танылған бес білім ошағының орнына жаңа ғимарат салынып, оның 4 пайдалануға берілді, қалған біреуі жыл аяғына дейін беріледі деп күтілуде. Осының есебінен апатты жағдайдағы 13 мектептің саны 5-ке қысқарды.

Өткен оқу жылында аудан мектептері 114 интерактивті тақтамен, 31 лингофонды-мультимедиялық, 7 физика, 14 химия, 14 биология кабинеттерімен жабдықталып, интернетке толық қосылу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар 5 мектеп «электронды мектеп» бағдарламасына сәйкес толық жабдықталып, электронды оқыту жүйесіне енді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың III кезеңі, яғни облыстық пән олимпиадасына өткен оқу жылында 12 бала қатысып, оның төртеуі жақсы нәтиже көрсетті. Республикалық кезеңге жолдама алған Ақбота Ұйқасбаева «Ақберен» республикалық олимпиадасынан II орын иеленді.

Биылғы жылы біздің түлектеріміз ҰБТ-да өз білім деңгейлерін көрсетіп, 81,47 балл жинады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,7 балға жоғары деген сөз. 65 түлек 100-ден жоғары балл жинады. 35 түлек жекелеген пәндерден 25 балды иеленді.

ҰБТ-дан кейін түлектердің кәсіби бағдар бойынша мамандықты дұрыс таңдап, мемлекеттік грантты иеленуі басты мәселе. Аудан бойынша 232 түлек мемлекеттік білім беру грантын иеленді. Оның 130-ы «Серпін» бағдарламасы болса, 10-ы Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарының гранты еді. Бұл көрсеткіш кездейсоқтық емес, білім саласындағы соңғы жылдары жүйелі түрде жүргізілген жұмыстардың игі нәтижесі.

Білім ошақтарының әлеуметтік жағдайын жақсарту да басты назарда. Соған орай өткен жылы 7 мектепке автокөлік алынып берілсе, биыл олардың саны тағы екіге артты. Жазғы каникул күндері де сәтті өтті. Балалар екі ауысымда жұмыс жасаған күндізгі лагерьлерде демалып, түрлі сауықтыру шараларымен қамтылды.

Мектептің жүрегі – мұғалім, білікті ұстаз. Сондықтан да ең маңызды міндеттердің бірі педагог мәртебесін көтеру. Бүгінгі күні бұл жұмыс үш бағыт бойынша жүргізілуде. Елбасы «Шәкірттерге сапалы білім беру мұғалімдердің біліктілігіне тікелей байланысты» деген болатын. Демек, мұғалім біліктілігі, білім беру жүйесін алға бастырып, оны заман талабына сай етіп құрудың негізгі алғышарты, басты кепілдігі болып саналады. Сондықтан да бүгінгі қоғамдағы басты мұраттардың бірі педагог мамандары біліктілігін арттыру болып табылады. Аудандағы 2034 мұғалімнің 1852-і жоғары, 182-ы арнаулы білімді болса, оның 41 пайызын жоғары және бірінші санатты мұғалімдер құрап отыр.

Педагог кәсібінің қоғамдағы имиджін жүйелі түрде арттыру мақсатында ұстаздар арасында пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысы жүйелі ұйымдастырылуы тиіс. №83 мектептің мұғалімі Д.Әбдіхалықова «Ең үздік педагог» атты облыстық байқауда жүлде иеленіп, облыс әкімінің миллион теңгесін ұтып алды. Сонымен қатар өткен оқу жылында аудан әкімінің тапсырмасымен аудандық математика пәні мұғалімдерінің олимпиадасы өткізіліп, облыстан тәуелсіз сарапшылар шақырылды. Нәтижесінде бас жүлдеге тігілген автокөлікті №62 мектептің мұғалімі А.Мыңғышпанов иеленді. Осындай пән мұғалімдерінің беделін арттыру, оларды материалдық демеу мақсатында биылғы оқу жылында аудан ұстаздары арасында аудан әкімінің қолдауымен пәндік олимпиадалар өткізу жалғасады деп күтілуде.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру түбегейлі өзгерді. Аталған өзгерістерді Назарбаев зияткерлік мектептері жанынан ашылған педагогикалық шеберлік және «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталықтары әлемдік тәжірибе негізінде жаңа формациядағы ұстаздар дайындау арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізу мақсатында білімді де білікті мамандар дайындауда. Осы мақсатта аудан бойынша өткен жылы – 298, биыл 110 мұғалім арнайы курста білім алды. Жаңа біліктілік санаттарына сәйкес мұғалімдерге 30 пайыздан 100 пайызға дейін қосымша ақы төленеді. Ең бастысы, әлемдегі үздік тәжірибені меңгерген бұл мұғалімдер орта мектеп жүйесіне жаңаша леп әкеліп, білім беру қызметінің сапасын жаңа деңгейге көтеретініне сенім мол.

Ауданымыздағы №14 мектеп-лицей мен №262 мектеп-гимназия облыстағы инновациялық мектептер қатарына енгізіліп, биылғы маусым айында педагог кадрлары арнайы курстан өткізілді. Ал аудандық білім бөлімінің әдіскерлері толық құрамда педагогикалық шеберлік орталығынан екі рет біліктілік арттыру курсынан өтті.

**Бөрі ДАБЫЛОВ,**
**Арал аудандық білім бөлімінің басшысы.**

# ҰРПАҚ ҰЛАҒАТЫ – ҰСТАЗДАН

**Ұлт ардақтысы Мағжан Жұмабаев өз кезінде "Алты Алаштың баласы бас қосса, ең қадірлі орын мұғалімдікі болуы тиіс" деп ұстаздар қауымына шынайы бағасын берген болатын. Шындығында да бойындағы бар күш-жігерін, қажыр-қайратын жас ұрпақ білімі мен тәрбиесіне арнаған мұғалім еңбегін қалай мадақтаса да жарасымды. Білім беру саласының осындай іскер мамандарының қатарына Шиелі кентіндегі Г.Н.Ковтунов атындағы №252 орта мектеп директоры Гүлзира Жаңабаеваны да жатқызуға болады.**



Гүлзира Есенкелдіқызының өмір жолы сәтті басталды деуге болады. №252 орта мектепті бітіргеннен кейін Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың физика-математика факультетіне түсіп, оны 1997 жылы тәмамдады. Сөйтіп өзі түлеп ұшқан мектепте алғашқы ұстаздық жолын бастады. Мұғалім болып, шәкірт тәрбиелеу оңай игеріле салатын іс емес секілді. Алғашқыда бүкіл сынып алдында жаңа сабақ түсіндіріп, балалардың сұрақтарына жауап бергенде дауысында діріл, жүрегінде лүпіл пайда болатын. Әр сабағына ұқыпты дайындалды. Іздену, тек қана үздіксіз іздену қажеттігін ұғынды. Ұғынды да мектептегі байырғы мұғалімдердің іс-тәжірибесіне ден қойып, олардан білмегенін үйренуден жалықпады, түсінбегенін сұрауға арланбады. Араға уақыт салып "Көкшоқы" елді мекеніне қоныс аударып, сондағы №127 мектеп-лицейінде жұмыс істеді. Мұнда Гүлзира информатика-математика пәнінен сабақ беріп, балаларды өркениет технологиясымен жете таныстыруға күш салды. Мектеп директорының бейінді-бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары бола жүріп, көптеген істің атқарылуына ұйытқы бола білді. Аудан орталығындағы Ковтунов атындағы №252 орыс орта мектебін басқарғалы биыл екінші жыл. Басшылық ете жүріп, жоғары сыныптарға математика, физика және информатика пәнінен сабақ береді.

– "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" дегенді өз жұмысымның өзегі еттім, – дейді жоғары санатты ұстаз Гүлзира Жаңабаева. – Бір сабағың екіншісіне ұқсамас үшін қаншама ізденуге, оқып-үйренуге тура келеді. Күнделікті сабаққа дайындықпен баруды қалайсың. Өйткені, бүгінгі шәкірт білімге, білмекке құштар. Оның қойған сұрағына сынып алдында кібіртіктеп тұрсаң, нағыз сын сол емес пе?! Сондықтан білгеннің үстіне білуге ұмтыласың.

Гүлзираның ойынша ұстаздың өмір жолы іздену мен үйренуден тұрады. Өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында ол әр жылдары өткізілген "Жыл мұғалімі", "Үздік мұғалім" байқауларының жүлдегері, облыстық "Шығармашыл ұстаз" атты төсбелгі иегері, жазғы тәжірибе алаңында өткізілген "Әмбебап ұстаз" байқауының, аймақтық педагогикалық оқудың, дарынды балалардың облыстық олимпиадасының жеңімпазы танылды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Алматы қаласында өткізілген республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мінберінен оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері жайында баяндама жасады. Сонымен қатар Павлодар, Тараз қалаларындағы конференцияларда жасаған баяндамалары арнайы жинаққа еніп, информатика пәнін оқыту туралы мақаласы салалық "Хабаршы", ғылыми-әдістемелік "Математика-физика" журналдарында жарық көрді.

"Шәкіртсіз ұстаз – тұл" дейді халық даналығы. Шәкірттерінің қол жеткізген жетістіктеріне қуанып, олардың сәтті қадамдарын санап отырады. 2012, 2015 жылдарында мектептен екі "Алтын белгі" иегері шықты. Байқоңыр қаласында сол жылдары республикалық ғылыми-тәжірибелік "Дарын" орталығы және ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған конференцияда оқушылары Ерлан Шығанбай мен Бейбарыс Абдуллаев үздік шығып, Қазақ Мемлекеттік университетінің грантын жеңіп алды, қазір екеуі де осы оқу орнының электрэнергетика бөлімінің студенті. Мектеп оқушыларының түрлі байқауларға қатысып, жүлделі оралуы ұстаздар қауымы үшін зор мақтаныш. Алысқа бармай-ақ оқушыларының өткен оқу жылындағы жетістіктерінің өзі көз қуантады. Мектеп оқушылары арасында аймақтық жарыстарды былай қойғанда республикалық, халықаралық түрлі байқаулардың, олимпиадалардың жеңімпазы танылғандар баршылық екен. Мысалы, 18 оқушы халықаралық экологиялық, 10 оқушы республикалық "Жас ғалым" байқауларының жүлделі орындарын иеленсе, тағы бірнешеуі халықаралық олимпиадалар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялардың арнайы дипломдарымен марапатталды. Осының бәрі де Гүлзира Жаңабаева басқарып отырған ұжымның ұйымшылдығы мен іскерлігіне, білімділігі мен біліктігіне көп байланысты.

Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру, білім сапасын жақсарту барысында ұжымда атқарылып жатқан жұмыс баршылық. Әр мұғалімнің заманауи технологияны жан-жақты меңгеріп, онымен жүйелі жұмыс жүргізе білуін қадағалау директордың бұлжымас міндетіне айналған. Ұстаздардың білімін жетілдіру курстарында оқуын, олардың пәндік олимпиадаларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуын, сала газет-журналдарына арнайы мақалалар беріп тұруын қадағалайды. Сабақтарына қатысып, бағыт-бағдар беріп отырады. Жас мұғалімдердің алғашқы қадамдарын бақылап, олардың ізденіспен жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайды. Содан да болар мектептегі 133 мұғалімнің арасында 5 жоғары санатты, отыздан астам бірінші санатты ұстаз бар, алдағы уақытта олардың қатарын көбейту ісі жалғаса береді. Өткен оқу жылының өзінде ғана 9 мұғалім республикалық "Ұлағатты ұстаз" сайысының, 9 мұғалім халықаралық экологиялық сайыстың жеңімпазы танылса, 11-і ғылыми-тәжірибелік конференцияның арнайы дипломын иеленді. Осының өзінен-ақ мектеп басшысы Гүлзира Жаңабаеваның ізденіске толы тынымсыз еңбегін көруге болады.

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**
Шиелі ауданы.

# МҮСІРӘЛІ БАБА МҰРАСЫНА
## БАЙЫППЕН ҚАРАР КҮН ЖЕТТІ

Соңғы жылдары рухани мұраларымызға қажетті көңіл бөлуіміз жақсылықтың нышаны ретінде көңілге сенім ұялатады. Себебі, қоғам дамуында бірыңғай экономикалық мүддені алға шығару капиталға деген бағыныштылықты, табынуды тудырды. Мұндай біржақтылық тек экономикалық қана емес, гуманитарлық-рухани да дағдарыстарға ұшыратуда. Қазір көбімізде «мен қоғамға не бере аламын?» деп емес, «мен қоғамнан, өмірден не ала аламын» деген көзқарас басым. Ертеңін ойламай, қазір рахатқа батып қалуымыз керек деген итаршыл тұтынушылық ұстаным адамның еркі мен жігерін билеп тұр. Сондықтан да әркезде бірлікке бастайтын құндылықтарымыздың тамырын іздеу, табу және насихаттау мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Рухани тамыр-тіректеріміз туралы айтқанда санамызға алдымен діннің қуаты мен оның қоғам үшін маңызы оралады. Дінбасылардың қалдырған аңыз-әпсаналары еске түседі. Қазір діни сәйкессіздікті қолдан өршітіп, оны қарама-қайшылықты саяси ахуалға апарғысы келетін әлемдік деңгейде жұмыс жасайтын жасырын күштер көбейді. Дәстүрлі діннен ауытқушылыққа көбіне діни сауатымыздың төмендігі және елді бірлікке үндейтін жөн-жоралғыларымыз бен дәстүрлерімізден ажырап қалғанымыз себеп болып отыр десек артық айтқандық болмас. Бұның себебін түсініп, салдарын сезіну үшін дәстүрлі дініміздің діңгегі, Пірлер институтының қызметін және оның өкілі софылардың еңбегін кеңірек қарастыру керек сияқты...

Айталық, «VIII-X ғасырларда мистикалық жаңа ағым пайда болды. Бұл ілімнің өкілдері, яғни софылар діни амалдардың жалпы өмір сүру әрекетінде сыртқы сипатына пәлендей мән берген жоқ. Олар үшін әрбір құлшылық әрекеттің мәні Құдайды шынайы, ақиқат тануда жатты. Басқа ағымның өкілдеріндей Аллаһқа мойынсұну барысында дабырашыл іс-қимылдарға бармай, керісінше құпия немесе жасырын сыйынуға ұмтылды және осы қағидат арқылы басқалардан бөлектене бастады» деп орыстың танымал дінтанушыларының бірі С.А.Токарев «Религия в истории народов мира» атты кітабында баға берген болатын. Софы ұғымының бұдан басқа да бірнеше этимологиялық анықтамалары бар. Бірқатары «сафа»-таза деген ұғымға сәйкес келеді. Арабия түбегінде алғаш «Сафа» ордені (мектебі-Н.М.) құрылған. Мұхаммед пайғамбарымыз хақ дінімізді насихаттай бастағанда оны бірінші болып Жафа тауында күн кешіп жатқан софылар қолдапты. Сол себепті де ілімнің атауы әлгі Жафа тауының атауынан шыққан деген болжам бар. Осы өңірден барып бұл ілім парсы аймағына тарала бастаған. Рух еркіндігін аңсаған осынау ілімнің елдерге таралуы кедергісіз болған жоқ. Өздерінің еркін көзқарастарын білдіру барысында софылар әр жерде қатты қысым көрді. Содан барып олар өз таным-көзқарастарын музыка мен поэзия арқылы таратуға ұмтылды. Шығыстың жарық жұлдыздары саналатын-Хафиз, Руми, табрихдық Шамс, Саади, Омар Хаям, Низами, Фарид, Жәми сияқты поэзия алыптары софылық ілімді ұстанушылар болатын. Демек, олар саяси-діни күш ретінде қалыптаса алмаса да, әлемдік рухани мәдениетті ілгерілетуге орасан зор үлес қосқан десек ақиқаттан алыс кетпейміз.

Қазақстан жерінде софылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Яссауи бабамыз екенін барша жұрт біледі. Бұл кісі біздің жердегі алғашқы софылар әулетінен шыққан. Ол жөнінде марқұм тарихшы-археолог К.Ақышев «Древние памятники Казахстана» атты кітабында «Қожа Ахметтің әкесі Ибрагим шейх-бен-Махмуд шейх-бен Ифтихар-шайх софылар ұрпағынан еді. Олар өз тегін сонау Әлиден тарататын... Ахмет осы әулеттен шыққан төртінші шейх болатын» деп ғұламаның ата-тегін баяндай келе, «софылық ислам дінінің мистикалық-аскеттік бағыты, ол VIII ғасырда пайда болып, XI-XII ғасырларда түпкілікті орнықты» деп жоғарыдағы ғалымдардың пікірін тереңдете түседі. Егер Қожа Ахмет Яссауидің 1166 жылы дүниеден озғанын және оның әулетінде рет бойынша төртінші софы болғанын ескерсек, Сыр өңіріне софылық ілімнің XI ғасырдың орта тұсында тарағанын білуге болады. Яссауи бабамызбен қатар аталған ілімді кіндік Азия аймағына таратуда Ер Бахуаддин Нақышбанди, Баба Түкті шашты Әзіз, Аллаяр софы сияқты ұлық ұстаздардың болғанын да айта кету орынды. Біз бүгін сөз еткелі отырған қазақтың тұңғыш пірі Мүсірәлі софы Әзіз ғұлама осы Баба Түкті Шашты Әзіз бабамыздың тікелей шәкірті және софылық ілімнің көрнекті өкілі, оны жалғастырушы.

Бұл ілімнің аймақта тарала бастауы Сыр өлкесіне иелік ету үшін қараханидтердің селжүктермен, XI ғасырда Хорезм шахы Мұхаммед пен Найман ұлысының қарулы қақтығыстары өршіп тұрған тұста сәйкес келеді. Осындай толассыз ұрыстар салдарынан аймақ жұртының көп шығынға ұшырағаны, тұрғындардың мал-мүлкінен, үйлері мен ирригациялық жүйелерінен айрылып, қатты күйзеліске түскені белгілі. Ал Қожа Ахметтің қиындыққа шыдау, азға-қанағат, қолдағы барға шүкіршілік ету, тек қана Құдайдан тілеу, т.б. с.с. уағыз-насихат арқылы көпке түсінікті мазмұндағы ілімі күйзелген елге рухани-моральдық қолдау болғаны анық. Демек, софылық ілімнің ортодоксалды ислам өкілдерінің қарсылығына қарамастан, ел ішінде кең таралуына қазақ қоғамында қолайлы алғышарттар қалыптасты деп нақты айтуға болады. Ал өз кезегінде, халықты сабырға шақырып, әрбір



азаматтың басына түскен ауыртпалықты онымен бірге бөлісуге ұмтылысы олар насихаттаған ілімге әлеуметтік сипат берсе керек.

Минск қаласынан 1998 жылы В.В.Лавскийдің редакциялығымен шыққан «Суфийская мудрость» деген жинақта «софының идеалы-сырттан келген жан сияқты емес, өмір-тіршіліктің ішінде болу, яғни халықпен және күнделікті практикалық өмірмен біте қайнасу, даңқ пен атақұмарлықтан ада болу, дәстүрге көзсіз табынудан және шені, лауазымы жоғары тірі жан иесіне құлша бас июден аулақ болу» екені айтылады. Осы идеалдарға сай болу үшін софы Ақиқатты іздейді және сол жолда бірнеше сатылардан өтуге тиіс. Ол сатылардан өтпейінше ақиқатты, яки Құдайды тани алмайды. Енді осы сатыларға қысқаша анықтама бере кетейік: Тәуба-Құдайды тану жолына түскен адам бұл жолда әуелі тәубеге келуі тиіс. Ол үшін оспадарсыз амал-әрекеттер мен артық сөздерден бас тарта отырып, бұған дейін жасаған күнәлары үшін зор өкініш білдіруі, теріс жолда жүргенін іштей сезінуі керек. Тақуалық (благочестие) бұл бойынша «жолаушы» ешкімге немесе ешқандай жан иесіне зиянын тигізбегені жөн.

Міне, осындай фана деңгейіне жеткен шейхтар мен софылардың өздерінің ішкі санасы арқылы алыста тұрып-ақ науқасқа ем жасау, кез келген адамның ой-санасына әсер ету сияқты небір кереметтер жасай алуы күмән тудырмайды. Осы практика арқылы софылар әрбір адамның ішкі рухани қуат көздерін аша отырып, кемелденуіне зор мүмкіндіктері бар екенін және ондай деңгейге бірінші кезекте, Құдайға риясыз табыну жолымен ғана қол жеткізуге болатынын іс жүзінде білдірген, мойындатқан.

Мүсірәлі софы әулиелігі, тақуалығы және көріпкел-пірадарлығымен Тәуке ханды ғана емес, сол кездегі қазақтың бар зиялыларын тәнті етіп, 40 жасында қазақтың тұңғыш пірі болып сайланды және ілімдарлығы арқылы «Жеті жарғының» негізгі авторы болды. Рухани тарихымыздың білгірі, жазушы Ә.Кекілбай ағамыз болса, тұңғыш пір сайлау оқиға туралы «...Бұл кез келгеннің емес, айрықша қасиетке ие болып жаралған аруақты адамдардың – абыздардың ғана қолынан келеді деп есептелді. Ондай қасиеттерімен көзге түскен адамдардан халық билік иелерінен бетер айбынып, аса зор құрмет тұтты. Биге құлақ асса, сардарға бағынса, пірге табынды... Хан ауысса да пір ауыспады... Тәукеден Абылайға дейінгі барлық ханға пір болған Сұпы Әжі (Мүсірәлі) дүние салғаннан кейін жалпықазақтық пір сайланған емес» дейді «Үш пайғамбар» атты шығармасында. Осы жерде "Пір сайлаудың қажеті неде?" деген қисынды сұрақ туындайды. Бұл сұрақ бүгінге шейін зерттеушілердің назарынан тыс қалып келді. Десек те, түркістандық Зікірия Жандарбек әріптесіміз пір сайлау қажеттігін Тәуке тұсында немесе оған дейін өршіп кеткен діни алауыздықтың салдары деп санайды. Ғалым өз пікірін «Қазақ халқының жүздеген жылдар бойы ұстанған жолы-йасауийа тариқаты діни идеология ретіндегі ролінен ажырап, оның орнын нақшбандийа тариқаты басты. Парсы мәдениеті негізінде дүниеге келген бұл сопылық жолдың дәстүрлі түркі мәдениетіне негізделген Йасауи жолынан белгілі дәрежеде өзгешелігі бар еді. Ең басты ерекшелігі, қазақ халқының дүниетанымдық негіздерімен сай келмейтін. Йасауи жолында таным негізінде «уахдат ал-ужуд»-болмыстың бірлігі жатса, нақышбандилер танымының негізінде «уахдат ал-шухуд» жатты. Бірі халық санасына адам баласының бүтіннің бөлшегі екендігін сезіндіріп, әрбір адамның өзі үшін ғана емес, өзі өмір сүріп жатқан қоғамның да болмысына жауапты екендігін сезіндіретін және қоғамдасып өмір сүруге ыңғайлайтын» дей келе, нақышбандия ілімнің дәстүрлі діни бірлікті ыдыратушы басты қағидаттарына тоқталады. Бұл ілім бойынша әрбір адамның тек өзі үшін жауапты екендігі, әрбір жанның Алламен арадағы байланысы жеке болу керек деген түсінік басым болды. Демек, әрбір жан иесі өзі үшін ғана өмір сүруі тиіс деген қағида қоғам санасына біртіндеп сіңе бастады. Бұл танымдағы өзгерістер қазақ қоғамында қалыптасқан рухани, мәдени тұтастықты ыдыратушы басты фактор болды десек, артық айтқандық емес. Оның үстіне сан ғасыр бойы қазақ халқының рухани бірлігінің негізі-Йасауи жолының халық арасында жетекші рухани күш болуына ықпал етуші өкілдердің билік жүйесінен ысырылуы да қазақ халқы арасындағы рухани тұтастықты одан әрі әлсірете түсті. Әр жүздің басына хан қойылып, ру, тайпалар басына билер сол ру, тайпа өкілдерінің өзінен тағайындалатын болды. Бұл қазақ қоғамы ішіндегі сепаратистік пиғылдың күшеюіне, ру, тайпалар арасындағы бірліктің әлсіреп, бәсекелестіктің артуына әкелді. Бұрын билер тек Йасауи жолы өкілдерінің қатарынан ғана тағайындалатын. Олар үшін бар қазақ бір болатын. Олардың өздері басқарып отырған ру, тайпа арасында туған-туысы болмайтын. «Сыр өңіріне ислам дінінің таралуы» деген тақырыпта диссертация қорғаған бұл ғалымның пікірінің салмақты екеніне жеке кездесіп, сұхбаттасқанда анық көз жетті. Демек, Тәуке ханның «әз» атанып, 35 жыл жоғары билік тізгінін ұстап тұруына бірінші кезекте Мүсірәлі сопы бабамыздың тікелей ықпалы болды. Жеке басының асыл қасиеттері және айрықша ғұламалылығы арқылы елді діни алауыздықтан арылтып, Алаш жұртын, қазақтың үш жүзін бір шаңырақтың астына жиып ұстау арқылы Мүсірәлі баба тарих үшін өлшеусіз еңбек сіңірді. Егер Мүсірәлідей сопының ұлтшылдығы және рухани кемел қайраткерлігі болмаса, біз бүгін Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлар ма едік, кім білсін... Оны пір сайлаған шараға қырғыз, қарақалпақ пен өзбектің де бас билері тікелей атсалысты, араласты. Демек, ол пір ретінде тек қазақтың емес, сол аймақтағы рухани тамыры бір туысқан түркі халықтарының да мүддесін тең ойлаған әділ дінбасы, Абай атамыздың ілімі бойынша бағаласақ «толық адам». Сол уақыттарда Алты Алашты бір тудың астына жинау тек қана Мүсірәлі сопыдай дара тұлғаның ғана қолынан келер іс. Расында Мүсірәлі бабамыздың саяси-діни платформасы түркішілдер үлгі алуға тұрарлық рухани жүйе.

**Нұрлыбек МЫҢЖАС,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты.**

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

**Еңбек жолы мен ғибратты ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі боларлықтай атпал азаматтардың бірі де бірегейі – Дәумен қажы Шоманұлы. Осынау дара тұлға Сыр өңірінің әлеуетін жақсарту жолында бар күшін сарп етті. Өмірге парасаттылықпен қарай білетін ел ағасы қазақ жұртына қажетті, елге пайдалы әрбір істің көш басында жүрді.**



Дәумен қажы Шоманұлы 1928 жылдың мамыр айында облысымызға қарасты Жаңақорған ауданының Өзгент ауылында дүниеге келген. 1947 жылы Қызылорда педагогикалық институтына оқуға түсіп, оны 1951 жылы үздік аяқтайды. Өзімен бірге оқыған елдің аптал азаматтары Елеу Көшербаев пен Ұзақ Еспановтардың ел үшін еткен еңбегін жоғары бағалап, студент кезіндегі достық қарым-қатынастарын еске алып отыратын. Жоғары оқу орнын бітірісімен Қызылорда қаласы мен Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы білім орындарында мұғалім болып жұмыс жасап, аса жауапкершілігі мен ізденімпаздығының арқасында кейіннен басшылық қызметтерге ауысады. 1958 жылы өзінің туған жері Жаңақорғанда аудандық партия комитетінің аппаратында жауапты жұмыстар атқарып, 1963 жылға дейін аудандық оқу бөлімін басқарды. Сол жылдардағы партия басшылары Дәуменнің кейбір іске болмасын қабілетті екенін аңғара отырып, ауыл шаруашылығы саласында да қызмет етуін талап етті. Елдегі егін шаруашылығының алға өрлеуіне едәуір үлес қосып, «Қызыл жұлдыз» колхозының төраға орынбасары қызметіне сайланады. Ал 1967 жылы «Түгіскен» тыңында құрылған «КПСС-тың XXII съезі» атындағы кеңшарда партия ұйымы хатшысы болып жұмыс жасайды. Сондай-ақ, «Түгіскен» тыңын алғаш игерушілердің қатарында болып, елді егін егуге баулыған да осы Дәумен Шоманұлы болатын.

Сол кездері Дәумен қажы әлеуметтік мәселенің қай саласына араласса да, сол бағыттағы жұмыстардың біртіндеп оң шешімін тауып жатқаны байқалатын. Мәселен, басшылық қызметте жұмыс жасаған жылдары қиын-қыстау заманда Өзбекстан мемлекетіне қоныс аударған қандас бауырларымыздың 200-ге жуық жанұясын туған жеріне көшіріп әкелді. Атамекенді аңсаған ағайындар атпал азаматтың өлшеусіз еңбегіне әлі күнге дейін алғыс білдіріп келеді. "Өзгент" кеңшарының негізін қалаушылардың бірі Дәумен "Келінтөбе" бас каналының құрылысын жүргізу жұмыстарына да белсене атсалысты. Жиырма жыл бойы аудандық кәсіподақ ұйымының басшылық қызметінде болып, 1989 жылы зейнеткерлікке шығады. Өңірдің жандануына өлшеусіз еңбек еткен ел ағасы зейнет демалысында да 3 жыл аудандық "Қазақ тілі" қоғамына төрағалық етті. Кезінде аудандық Кеңестің депутаттығында, аупарткомның бюро мүшелігі мен облыстық кәсіподақ ұйымының құрамында қалтқысыз қызмет атқарған ағамыз жоғары үкімет наградалары мен Кеңес және кәсіподақ органдарының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Дәумен Шоманұлы мемлекеттік қызметте жұмыс жасап қана қоймай, шығармашылық бағытқа да бет бұрды. Кейінгі ұрпаққа өз тарихын біле жүретін ұлы жол көрсетіп, "Молда Шәмшілер" атты шежіре кітапшаны жарыққа шығарды. Қаламгер шығармаларының қайсысы болмасын, отбасындағы ұлттық тәрбие қалыптастыруға үлесі зор екені байқалатын. Қаламынан өрбіген әрбір туындысы жайында қазақ зиялылары тұшымды ой айтып, оң бағаларын беріп келеді. Бабалары Сүлеймен Уәлі, Яхиқожа және Айнақожаның басына кесене тұрғызуға бастамашы болды. Арғы аталары жайында зерттеу жұмыстарын жасай отырып, Алматыдағы ұлттық кітапхананың сирек қолжазбалар қорынан Шәмші Бүзіріктің хикметтерін табады. Қолға тиген құнды дерекпен бірге ол кісінің ауыл ақсақалдарында сақталған ғазал, бәйіттерін алып «Хикметтер» жинағын жарыққа шығарды. Ел ертеңі үшін қызмет еткен бабалар жайында жиырмаға тарта тарихи материалдар жазып, жергілікті баспасөз беттерінде жариялап отырды. Замандастарына «Айналайын ағайын-туыс, бауырлар, сендерге айтар ақылым – қайбір іске болмасын адал болыңдар. Үш байлығың – елің мен жеріңді, тіліңді қастерлеңдер. Себебі, еліңді жамандасаң, көмусіз қаласың, жеріңді қорғамасаң, кебінсіз қаласың, ал тіліңді қорласаң, қадірсіз боласың», – деп көрегендікпен ақылын айтып отыратын.

Жалпы Өзгент шаһары тарихи тұлғаларға толы Сыр бойындағы ежелгі көне қалалардың бірі. Оңтүстігінде Отырар, Яссы, Сығанақ, Сауран қалалары бой көтерсе, солтүстігінде Оғызкент, Жанкент қалалары орналасқан. Халқы ертеректе отырықшылыққа бейімделді. Өндіріс ошақтары мен қолөнер бұйымдарын шығаратын кәсіпорындар осы өңірде көптеп салына бастады. Ең бастысы, Қытай, Үндістаннан бастау алған ұлы Жібек жолы осы Өзгент өңірі арқылы Орталық Азияға жалғасып жатты.

Туған жерге ту тіккен атпал азамат қанша жыл өтсе де құнын жоғалтпайтын осындай дүниелері арқылы жұртының діни сауатын ашуға тырысты. Отбасында Гауһар апамыз екеуі 6 перзентті дүниеге әкелді. Асқар тау әке мен ақ жаулықты ана тәрбиесін көріп өскен ұл-қыздары бүгінде халық шаруашылығының көптеген саласында абыройлы қызмет атқаруда. Ұлдары Алтынбек пен Мақсұттың бірі облыстық "Қызылорда жолдары" АҚ-ның президенті болса, енді бірі "Жаңақорған жолдары" ЖШС-ның директоры болып жұмыс жасайды. Ал қыздары Сәуле, Зәуреш, Зиналар білім беру орталықтары мен мәдениет саласының білікті мамандары. Облыстық мәслихат депутаты Алтынбек Дәуменұлы Өзгент өңіріне Құрбан айт мерекесі қарсаңында толымды сый жасады. Ауылдың арқасүйер азаматына айналған Алтынбек өз қаражатынан өңірге Дәумен қажы мешітін салып берді. Атпал азаматтың ықпалымен Мешіт жанынан ас, құдайы, жиын өткізетін 300 адамға лайықталған асхана бой көтеріп, ел игілігіне ұсынылды. Алтынбек Дәуменұлының елге жасап жатқан осы бір игі жақсылығын ауыл әкімі мен тұрғындары бағалай келе, "Ауылдың атымтай жомарты" атағын берді. Осы мерекеге арнайы келген белгілі азамат Ержан Уәйіс ағамыз елімізде ислам дінінің таралу тарихы мен Құрбан айт мерекесінің маңызы жайында айта келе, туған жерге толымды тарту жасаған атымтай жомарттың еңбегін атап өтті.

Жалпы Өзгент өңірі атамекеннің абыройын асқақтатар тау тұлғаларға бай өлке. Сыр елінің әлеуметтік жағдайының жақсаруы жолында аянбай қызмет еткен қоғам қайраткерлері Исатай Әбдікәрімов, Ғафур Мұхамеджанов, ел ағасы Сейілбек Шауһаманов пен Бердібек Сапарбаевтар да осы өңірдің тумасы. Қай-қайсысы болмасын ел ертеңі үшін қызмет ету жолында бар күштерін жұмсады. Дәумен қажының інілері Әсет пен Болат та осы өңірдің жандануына айтарлықтай үлес қосты. Олардың өнегелі өмір жолдары келер ұрпаққа үлгі болуда.

Алдағы 8 қазан күні ел ағаларының бастамасымен Жаңақорған ауданы орталығындағы бір көшеге Дәумен қажы Шоманұлының есімі беріледі деп күтілуде. Осы күні қажы рухына арналып ас беріледі. Өшкенін жандырып, өткенін ұлықтауды дәстүрге айналдырған ардақты азаматтардың игі бастамалары кейінгі ұрпаққа қашан да үлгі болып қала бермек. Қажырлы еңбегін халық бағалаған Дәумен аға қандай да құрметке лайық. Өскелең ұрпаққа үлгі боларлық игі бастамалардың қашанда көшбасында жүретін арыстар барда Сыр өңіріндегі тарихи тұлғалардың қай-қайсысы болмасын ұмытылмақ емес.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

# ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ СИПАТЫ
## немесе Н.Кондратьев циклдары дегеніміз не?

Капиталистік дүние тағы сүрінді. Сүрінгенде мықтап сүрінді. Әлемнің қаржы айналымының құлдырағаны соншалық, дүниежүзіндегі алымы жағынан екінші экономика – Қытай АҚШ долларына шыққандағы өз валютасын девальвациялауға мәжбүр болды. Қор рыногындағы сүреңсіз жағдай бүгінде алаңдаушылық туғызып, көптеген мемлекеттерді әрі-сәрі күйге түсірген сыңайы байқалады.

Дағдарыстың сипатын нарық экономикасының өз табиғаты мен болмысынан іздеу қажеттігін айтқан, шектен тыс пайданың тойымсыздық психологиясын тудырып, халықтың белгілі бір бөлігінің қайыршылыққа ұшырауына әкеп соқтыратынын күллі әлемге паш еткен Карл Маркс ілімін бүгінде Батыс шонжарларының өзі мойындайды. Біз күні кеше келмеске кеткен социализммен бірге есімін жадымыздан шығара бастаған К.Маркстың портреті әлемдегі санаулы экономистердің қатарында Кембридж және Оксворд университеттерінің көрнекті жерінде ілініп тұрғанын білеміз бе? Білмесеңіз, бұл айтқандарымыздың түп-тура ақиқат екенін қалың жұртшылықтың есіне сала кеткіміз келеді.

Тосын құбылыс, әдетте, өткен тарихымыздың сүреңсіз, қайғылы оқиғаларына да қайта үңіліп, сана сүзгісінен өткізуге итермелейді. Бүгінде Ресейдің зиялы қауымы кемеңгерлік ой болжамдары жағынан К.Маркстен бір мысқал кем түспейтін, өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары әлем экономикасындағы өрлеу мен дағдарыс кезеңдеріне талдау жасап, әр дәуірдегі тоқырау мерзімін дөп басып айтқан орыс экономисі Николай Кондратьев есімін құрметпен атар еді. Зерттеушілердің, ғалымдардың пайымдауынша, Кондратьев Маркстің "Капиталда" қорытындылаған тұжырымдарын сол "сақалды" кемеңгердің тоқтаған жерінен әрі қарай жалғастырып кеткен керемет озық ойлы ғалым еді. Кондратьев Ресейде Керенский басқарған уақытша үкіметтің мүшесі – азық-түлік министрінің орынбасары, кеңес өкіметі орнағанда В.Лениннің НЭП (жаңа экономикалық саясат) саясатын табысты жүргізген ғалым-экономист болды.

Өз талдаулары арқылы ғалымның есімі 20-шы жылдары бүкіл әлемге танылды. Бірақ капитализмі қайта жаңғырту идеясымен "айыпталған" Кондратьев сол жылдары қайта-қайта тұтқынға алынып, ақыр соңында 1930 жылы 8 жылға сотталды. Түрмеде жатып әлем экономикасының құлдырау, өсу динамикасына талдау жасаған ғалым өзіне дейінгі екі жүз жылдық ахуалды сараптан өткізді. Дағдарыстардың шарықтау шегі мен құлдырау нүктесінің динамикасын жасады. Оның себеп-салдарларын ашты, тіпті ол өткен ғасырдың 30-шы жылдары АҚШ-та басталған депрессияның мерзімін алдын ала дөп басып айтты. Түрмеден босану уақыты таяғанына қарамастан ауыр науқастан қажыған ғалым 1938 жылы Сталиннің пәрменімен атылып кетті. Ол кешегі 80-ші жылдары ақталды.

Кондратьев әлем экономикасының табиғатына қатысты қандай болжамдар айтты? Осыдан 80 жыл бұрын орыс ғалымы әлем экономикасындағы дағдарыстардың кейде 45-60 жыл уақытты қамтитын созылмалы сырқаттарын айқындап берді. Оның пайымдауынша осындай экономикалық циклдардың нәтижесінде әлемдік қауымдастықтың өндіргіш күштері өз мүмкіндіктерін сарқып бітіп, дамудың жаңа деңгейіне өту қажеттілігі туындайтын болады. Бұл ғылыми тұжырым ретінде Кондратьев циклдары деген атауға ие болып отыр. Атап айтқанда, ол созылмалы дағдарыс циклдары 2020 жылға дейін, одан кейін тым ұзақтау кезеңдерді – 2040-2060 жылдарды қамтуы ықтимал екендігін болжады. Ұзақ толқындар концепциясы деген атауға ие болған осы кезеңдерді бүгінгі ғалымдар Кондратьев есімімен байланыстырады.

Кондратьевтің циклдары бойынша әлем экономикасының төмендеу толқындары созылмалы түрде 2015-2025 жылдарды, өсу толқындары 2025-2045 жылдарды қамтуы ықтимал. Кереметтігі сол, алдын ала ұзақ жылдар бұрын айтылған болжамдардың бүгінгі таңда біршама шындыққа айналып отырғанын атап өтпеске болмайды.

Не істеу керек? Ғалымдар қандай идея ұсынады? Шындығында, егер дағдарыстың табиғатын капиталистік нарық экономикасының өз болмысынан іздейтін болсақ, онда бұл қатынастардың келешегі бұлыңғыр болғаны ма? Капитализм дүниесінің жанашырлары мұндай пікірге үзілді-кесілді қарсы, олардың пайымдауынша, әрбір дағдарыс жаңа серпінді дамуға жол ашатын қақпа іспетті, яғни тоқыраудан өтіп, серпінді сілкініс жасау жаңа сапалы деңгейге көтерілудің кепілі болып табылады.

Бүгінгі таңда дағдарыс құбылысымен жаһандық нарықтағы барлық мемлекеттер бетпе-бет келіп отыр. Неліктен бұлай болды? Мұның басты себебі – соңғы уақытта 2008-2009 жылдары болған негізгі қаржы дағдарысының проблемалары толық шешілмеді. Қордаланып қалған мемлекеттік және корпоративтік қарыздар, қаржы саласы мен экономиканың нақты секторы арасындағы алшақтық осындай жағдайға әкеліп соқтырды.

Америкалық сарапшылар пікірінше, 2007 жылы жаһандық қарыз 57 трлн долларға өсіп, оның жалпы көлемі 200 трлн-ға жетті. Қазіргі оның көлемі алдағы уақытта болжап болмайтын зардаптарға әкелетін көлемді құрап отырғанын атап өткіміз келеді. Бұл мәселенің дамыған және дамушы елдерге де қатысы бар. Қордаланған қарыз инвестициялық белсенділікті әлсіретіп, экономиканы дамытудың перспективаларына көлеңкесін түсірді.

2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейін АҚШ пен Еуроодақ капиталдары даму қарқыны жоғары мемлекеттерге бет бұрды. 2009 жылдың шілдесі мен 2014 жылдың маусымы аралығында әлемдегі 19 дамыған мемлекетке 2 трлн доллар инвестиция құйылды. Ол әлемдік дамудың жаңа локомотивіне айналды. Көптеген сарапшылар Қытай, Индия, Бразилия, Индонезия мен басқа да елдер жақын арада АҚШ, Еуроодақ және Жапонияны жетекшілік позициядан ығыстырып шығарады деген болжам жасаған болатын.

Жағдайды бағамдаған инвесторлар дамушы мемлекеттерден капиталдарын алып кете бастады. Мысалы, 2014 жылдың шілдесі мен 2015 жылдың шілдесі аралығында бұл мемлекеттерден сыртқа кеткен қаржы 1 трлн долларға жетті. Бұл, әрине, әлемдік экономикаға да айтарлықтай әсер етті.

Экономикасы жағынан әлемде екінші орында тұрған Қытайда қор биржасы құлдырау үстінде, бұл қомақты капиталдың сыртқа кетіп жатқанын байқатады. Үстіміздегі жылдың тамыз айында Қытай билігі экспортты реттеп, экономиканы тұрақтандыру үшін юаньды девальвациялауды бастады. Индия, Индонезия, Оңтүстік-Африка республикаларында, басқа да ірі дамушы мемлекеттерде экономика өсімі баяулады. Капиталдың кетуі ішкі сұраныстың төмендеуіне әкеліп соқты, ал шикізаттың арзандауы дамушы мемлекеттер экономикасындағы кірісті жұтып жатқан сыңайы байқалады.

Қазақстанның сыртқы саудадағы әлді әріптесі саналатын Еуразиялық Одақ бірінші жартыжылдықта экономикалық өсімді 0,3 пайызға дейін баяулатты. Оған қоса жұмыссыздық деңгейі 11 пайызға жетті. Жұмыссыздары көп елдер қатарын 25 пайызбен Грекия бастап тұр. Бұл көрсеткіш Испанияда – 22, Хорватияда –16, Португалияда – 13, ал Италияда 12 пайызға жетіп отыр. Ешқандай өсім көрсетпеген Франция стагнацияға енді. Ал Финляндия рецессия құрсауынан шыға алмай жатыр. Ең қиыны Еуроадақтың бас ауруына айналған Грекия оның құрамынан шығу қарсаңында тұр.

Бұл мәселеге байланысты кредиторлармен мәміле жасалды, бірақ проблема түпкілікті шешілген жоқ. Керісінше, Грекияның берешегі ұлғая түсіп, жалпы көлемі 300 млрд еуродан асып түсті. Он бір миллион тұрғыны бар, ішкі жалпы өнімі 250 млрд доллар болатын Грекиядағы қарыз пирамидасы күн санап өсіп барады.

Экономикалық өсімді қалыптастырудың бұлыңғырлау келешегі мен энерготұтынудың 20 жыл бұрынғы көрсеткішке дейін құлдырауы Еуроодақта жақын аралықта шикізаттық тауарларға сұраныс артады деген үмітке сенуге болмайтынын көрсетіп отыр.

Неліктен осылай болды деген сауалға қайта оралып, оның жауабын іздестіріп көрелік.2008 жылы АҚШ-тан басталған әлемдік қаржы дағдарысынан шығу жолдары жөнінде бүгінге дейін аз айтылып келген жоқ. Олардың қатарында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың "Российская газетада" жарияланған "Дағдарыстан шығу кілті" атты мақаласы көзі ашық зиялы қауым өкілдері арасында қызу пікір туғызып, Елбасының сол кездегі дағдарыс сипатына қатысты білдірген дәйекті пікірлері көпшілік тарапынан қызу қолдау тапқан болатын. Әсіресе, Ресейдің белгілі ғалымдарының Елбасының дәйекті пікірлеріне аса зейін қойып, үн қосуы Қазақстан басшысының халықаралық қауымдастықта алатын орнына берілген лайықты баға болды.

Елбасы не айтқан еді? Ол алдымен бүгінгі әлемдік валюта рыногы өркениетті болып табыла ма деген сұрақтың жауабына өз дәйектемелерін келтіріп өтті. Атап айтқанда, Елбасы әлемдік валютаның туындатушы жүйесі және эмиссиясы бүкіләлемдік қауымдастықтың алдында жауапты бола алмай отырғандығына алаңдаушылық білдірді. Президент сол жылдардың өзінде "әлемдік рыноктың барлық қатысушыларының бәсекелі қызмет ережелерін белгілейтін және әлемдік валютаның әлемдік рыногы бәсекелі бола алмайтыны және ондай деп мойындалмайтыны анық", деп атап көрсеткен болатын. Міне, бүгінгі біз қайта душар болып отырған әлемдік экономикадағы сырқаттың басты себебі осы жүйенің өз заңдылығына сәйкес дамымай отырғандығынан туындайды.

Сәл шегініс жасайық.Сол жылдардағы дағдарыстан кейін, айталық, 2009 жылы Лондонда әлемдік қауымдастықтық алпауыт "жиырмалығы" бас қосқан жиында көптеген күмәнді ойлардың қара бұлты сейіліп, аталмыш мемлекет басшылары күллі дүниенің берекесін алған дағдарыстан шығудың тиімді жолына бастайтын шешімдер қабылдауға ынталылық танытқан еді. Рас, әлемді билеген американдық қаржы жүйесінің әмірінен бас тартып, АҚШ долларының үстемдігінен арылу жөнінде үзілді-кесілді шешім қабылданбаса да қол қойылған құжаттар, сарапшылардың пікірінше, өркениет жолымен алға ұмтылып, қаржылық операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету, халықаралық қаржы ұйымдарының құпиялық бет пердесін ашу бағытында жасалған оңды қадам ретінде бағаланған еді. Бірақ, осының барлығы өкінішке орай іс жүзінде дәйексіз, қағаз жүзінде қалған быламық болып шықты. Валюта жүйесінің эмиссиясы қадағаланбағандықтан әлемде триллиондаған доллар нөпірінің тасқыны жалғаса берді. Ол әлі де жалғасып жатыр. Тіпті алпауыт елдердің басшыларының өзі салықтандырудан тыс қалған қаржы операцияларын жария ету туралы да айтып қалды. Әлемдік алпауыттардың қыспағында қалған Швейцария банк құпиясына қатысты заңдылықтарын жұмсартуға, ал салық "жұмағын" орнатқан Андорра президенті үріккені соншалық, 2009 жылдың күз айына дейін банк құпиясы туралы заңды қайта қарауға уәде беріп, "бастан құлақ садақа" ұстанымына жүгінуге мәжбүр болған еді. Германия канцлері Ангела Меркель мен Францияның сол кездегі президенті Никола Соркази оффшорлық (қазақша "жағалаудан тыс" ұғымын білдіреді), яғни, алыс-беріс операциялары бойынша әлемдегі салық жеңілдігі қарастырылған аймақтарға тексеру жүргізуді талап еткенде жандарын қоярға жер таппаған Люксембург, Кипр, Лихтенштейн, Монако, Сингапур, тағы басқа елдер басшылары әлемдік экономикалық қауымдастықтық "қара тізіміне" ену қаупінен қорқып, олардың талаптарымен келіскен сыңай танытқан еді.

Сонымен әлем экономикасында ахуал қашан жақсарады? Капиталистік дүниенің өз жүйесін қайта құруға батылдары жете ме? Жоғарыда айтылған Кондратьев болжамдары, ол түзеген конъюнктура, яғни экономиканың өрлеу, төмендеу сипаты алдағы уақытта қандай сипатта дамитын болады? Бұл енді біздің санамыздан тыс, уақыт деген құдіреттің ықпалындағы өзекті мәселе болып табылады.

**Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ.**

